



Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрлігі

**Жасөспірімдер мен 15-19 жастағы
жас адамдардың ұрпақты болу
денсаулығының жай-күйі, олардың
сексуалдық мінез-құлқы мен ұрпақты
болу (репродуктивті) денсаулығы
саласындағы қызметтер мен ақпаратқа
қолжетімділігін зерделеу бойынша
ӘЛЕУМЕТТАНУШЫЛЫҚ ЗЕРТТЕУ**

Бұл есепте жасөспірімдер мен 15-19 жастағы жас адамдардың ұрпақты болу денсаулығының жай-күйі, олардың сексуалдық мінез-құлқы мен Қазақстан Республикасындағы ұрпақты болу денсаулығы саласындағы қызметтер мен ақпаратқа қолжетімділігін зерделеу бойынша әлеуметтанушылық зерттеудің нәтижелері ұсынылып отыр.

Зерттеуді ҚР Денсаулық сақтау министрлігі мен БҰҰ-ның Халықтың қоныстануы саласындағы қорының (ЮНФПА) тапсырысы бойынша және ЮНФПА мен Қазақстандағы Нидерланды елшілігінің қаржылай қолдауымен және Республикалық ЖИТС (СПИД) орталығының техникалық көмек көрсетуімен Қоғамдық пікірлі зерделеу орталығы (ҚПЗО) тәуелсіз зерттеу ұйымы (Центр изучения общественного мнения (ЦИОМ) жүргізді.

Авторлар ұжымы:

Әлімбекова Г.Т. – ҚПЗО директоры, әлеуметтану ғылымдарының кандидаты

Шабденова А.Б. – ҚПЗО талдау және деректерді өңдеу бөлімінің басшысы, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Әлеуметтану және әлеуметтік жұмыс кафедрасының докторанты

Зерттеуді жүргізуді үйлестіру және есепті дайындауға сарапшылық қолдау көрсету:

Байсеркин Б.С. – Республикалық ЖИТС (СПИД) орталығының бас директоры

Сисемалиев Р.А. – ЮНФПА-ның атқарушы өкілі

Молдақұлова Ғ.М. – ЮНФПА-ның халықтың қоныстануы мен дамуы жөніндегі бағдарламаларын ұлттық үйлестіруші

Абуова Г.Ә. – ЮНФПА-ның сексуалдық және ұрпақты болу денсаулықты сақтау жөніндегі жобаларын үйлестіруші

Бұл зерттеу жұмысы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Қоғамдық денсаулық сақтау саясаты департаментінің директоры Есмағамбетова Айжан Серікбайқызы ханымның, ЖИТС-тің алдын алу және оған қарсы күрес жөніндегі республикалық орталықтың бас директоры Байсеркин Бауыржан Сатжанұлы мырзаның, Қазақстан Республикасындағы Нидерланд Корольдігі миссиясы басшысының орынбасары Нора Дессинг ханымның, Қоғамдық пікірді зерттеу орталығының деректерді талдау және өңдеу бөлімінің басшысы Шабденова Айжан Базарханқызы ханымның қолдаусызбен және қатыспауымен мүмкін емес еді.

ЮНФПА Қазақстандағы Кеңсесі

Осы басылымда көрсетілген көзқарастар авторларға тиесілі және ЮНФПА, Біріккен Ұлттар Ұйымының немесе олармен үлестес ұйымдардың көзқарастарын міндетті түрде білдірмейді

МАЗМҰНЫ

ЗЕРТТЕУДІҢ НЕГІЗДЕМЕСІ.....	5
ЗЕРТТЕУДІҢ ТҮЙІНДЕМЕСІ	6
ЗЕРТТЕУДІҢ ӘДІСНАМАСЫ	8
ЗЕРТТЕУДІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ	14
Әлеуметтік-демографиялық сипаттамалар	14
Мінез-құлық индикаторлары	15
Индикатор: Жыныстық қатынас жасау тәжірибесінің болуы.....	15
Индикатор: Жыныстық қатынас басталуының орташа жасы	16
Индикатор: 16 жасқа дейін, 17 және 18 жасқа дейін жыныстық қатынаста болған 15-19 жастағы бозбалалардың үлесі.....	17
Индикатор: Жыныстық қатынас серіктесінің біреу болуы	18
Индикатор: Жыныстық қатынас серіктесінің біреуден көп болуы.....	19
Индикатор: Соңғы жыныстық қатынас кезінде мүшеқапты пайдалануы	20
Индикатор: Жыныстық қатынасқа түсудің жиілігі	21
Индикатор: Адамдардың жыныстық қатынасқа түсуді кейінге қалдыру себептері.....	23
Индикатор: 15-19 жастағы қыздар арасында жүктіліктің болуы	24
Индикатор: Жыныстық қатынасқа түскен 15-19 жастағы қыздар арасында жүктіліктің болуы.....	25
Индикатор: 15-19 жастағы жасөспірім қыздар арасында үй жағдайында жасалған жасанды түсіктердің таралуы	27
Индикатор: АИТВ инфекциясына тестілеу	27
Денсаулық жай-күйінің индикаторлары	29
ЖЖБИ симптомдарының болуы.....	29
Қарым-қатынас индикаторлары	31
АИТВ-ны жұқтырған адамдарға қатысты стигманың болуы	31
Білім индикаторлары	32
АИТВ/ЖИТС туралы дұрыс жан-жақты білімнің болуы	32
Мүшеқапты пайдалану туралы ақпараты болуы	35
ЖЖБИ-ды емдеу туралы хабардарлық	36

Ақпаратқа қолжетімділік индикаторлары	39
АИТВ-инфекция мен ЖЖБИ-ды қоса алғанда, жасөспірімдер үшін сексуалдық және ұрпақты болу денсаулығы туралы ақпараттың қолжетімділігі	39
Медициналық қызметтерге қолжетімділік индикаторлары	41
Контрацепцияның қазіргі заманғы әдістерінің көмегімен жүктілікті болдырмауда қанағаттанбаған қажеттіліктер	41
Мүшеқаптар қолжетімсіз деп мәлімдегендердің ішіндегі 15-19 жастағы жастардың үлесі	42
ЖЖБИ симптомдары бар, Емдеу-профилактикалық ұйымдарда (ЕПҰ) оларды диагностикалау, емдеу және кеңес алу бойынша тиісті қызметтер алғандардың ішіндегі 15-19 жастағы жастардың үлесі	44
Ұрпақты болу денсаулығы бойынша проблемалары (соның ішінде ЖЖБИ симптомдары) бар 15-19 жастағы жастардың ЕПҰ-ға емделуге және кеңес алуға жүгінбеу себептерінің құрылымы	47
Индикаторларды есептеу үшін пайдаланылмаған сұрақтарға талдау	49
Ақпаратқа қолжетімділік	49
Жастардың ұрпақты болу денсаулығы, ЖЖБИ және АИТВ жұқтырғандар мәселелері бойынша білімі	50
ЗЕРТТЕУ НӘТИЖЕЛЕРІ БОЙЫНША ҚОРЫТЫНДЫЛАР	55

ЗЕРТТЕУДІҢ НЕГІЗДЕМЕСІ

Қазақстандық өскелең жас ұрпақтың денсаулығын сақтау мемлекеттің Мемлекет басшысы мен үкіметтің ұдайы бақылауында ұстап отыратын басым стратегиялық міндеттерінің бірі болып табылады. Ғылыми әдебиет ересек адамның денсаулығының негізі бала шағында қалыптасатынын көрсетеді, соған сәйкес, халықтың өмір сапасының жоғары деңгейін дамыту перспективалары көп жағдайда балалар мен жасөспірімдердің денсаулығын жан-жақты сақтауға байланысты. Толыққанды денсаулықтың құрамдас бөлігінің бірі (репродуктивтік) ұрпақты болу денсаулығы болып табылады. Жастардың ұрпақты болу (репродуктивтік) денсаулығы кең мағынада алатын болсақ, жыныстық, физикалық, психологиялық-әлеуметтік дамудың, соматикалық және психикалық денсаулықтың үйлесімділігі мен теңгерімділігін қамтиды.¹ Қазақстанда мұның алдында жүргізілген зерттеулер жасөспірімдер мен жастардың сексуалдық және ұрпақты болу денсаулықты сақтау және нығайту мәселелерінде хабардарлығы төмен екенін көрсетті.

ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаев өзінің 2018 жылғы 10 қаңтардағы Қазақстан халқына Жолдауының «Адами капитал – жаңғыру негізі» атты 7-тармағында: «Жастардың репродуктивті денсаулығын қорғауға және нығайтуға ерекше назар аудару керек» деп атап көрсетті.²

ҚР Президентінің Жолдауын жүзеге асыру мақсатында ұрпақты болу денсаулығын сақтау және нығайту үшін 15-19 жастағы жасөспірімдер мен жастардың ұрпақты болу (репродуктивті) денсаулық жағдайын, олардың жыныстық мінез-құлқын жан-жақты талдау және денсаулық сақтау саласындағы қызметтер мен ақпаратқа қол жеткізу үшін жаңартылған деректер базасын алу қажеттілігі туындады. Осыған байланысты ҚР Денсаулық сақтау министрлігі осы зерттеуді жүргізуге бастамашылық жасады, БҰҰ-ның халық қоныстандыру саласындағы қоры (ЮНФПА) осы бастаманы қолдап, іске асырды.

¹ Гендерлік теңдік, репродуктивтік денсаулық және т.б. мәселелер бойынша түсіндірме сөздік. https://kazakhstan.unfpa.org/sites/default/files/pub-pdf/Rus_0.pdf

² Қазақстан Республикасы Президентінің ресми сайты, электрондық ресурсы, қолжетімділік режимі: http://www.akorda.kz/ru/addresses/addresses_of_president/poslanie-prezidenta-respubliki-kazahstan-n-nazarbaeva-narodu-kazahstana-10-yanvarya-2018-g

ЗЕРТТЕУДІҢ ТҮЙІНДЕМЕСІ

- Зерттеуге Қазақстанның барлық 17 өңірінен 15-19 жас аралығындағы жастар қатысты. Іріктеу жастарды гендер, жасы, этникалық белгісі, мектепте оқыту тілі және қоныс түрлері бойынша қамтыды. Осылайша, есепте ұсынылған деректер 15-19 жастағы қазақстандық жастардың түрлі әлеуметтік топтарының ахуалы мен пікірлерін көрсетеді.
- Тұтастай алғанда, жыныстық қатынас жасау тәжірибесі бар 15-19 жастағы жастардың үлесі осы жас тобындағы жастардың үштен бір бөлігін құрайды – 29,4%, бұл ретте 20,9%-ы 18 жасқа дейін, яғни кәмелеттік жасқа толғанға дейін алғашқы жыныстық қатынасқа түскенін атап өтті.
- Жыныстық қатынас басталуының орташа жасы 16,5 жасты құрайды, айырмашылықтар гендер бөлінісінде байқалады: жасөспірімдер қыздарға қарағанда жыныстық қатынасқа бұдан ертерек жаста түседі.
- Жыныстық қатынасқа түсетін серіктесінің біреу болуы – бұл көрсеткіш жастардың жоғары тәуекел деңгейі бар жыныстық қатынасқа баруға, яғни серіктестерді өзгертуге қаншалықты бейімді екенін сипаттайды. Осындай қауіпті мінез-құлықты 15-19 жастағы жастардың 44,1% көрсетті. Гендер бойынша айырмашылықтар байқалады: соңғы 12 айда бозбалалар бойжеткендерге қарағанда жыныстық серіктестерін айтарлықтай жиі өзгерткен.
- Соңғы жыныстық қатынас кезінде мүшеқапты пайдалану: соңғы 12 айда өздерінің бір жыныстық серіктесінің болғанын көрсеткен 15-19 жас аралығындағы жастардың 80,4%-ы, соңғы жыныстық қатынас кезінде мүшеқапты пайдаланған. Осылайша, белгіленген санаттағы жастардың 20%-ы қауіпті жыныстық мінез-құлықты ұстанады. Әлеуметтік-демографиялық белгілер бөлінісінде елеулі айырмашылықтар байқалмайды.
- Сексуалдық тұрғыдан белсенді жасөспірім қыздардың 16,7%-ы бір кездері жүкті болғанын атап көрсетті. Олардың көпшілігінде (62%) жүктілік босанумен аяқталған. Респонденттердің 22%-ы жасанды түсік жасатқан, респонденттердің 16%-да өздігінен түсік тастау болған.
- 15-19 жастағы сексуалдық тұрғыдан белсенді бозбалалардың 14,8%-ы соңғы 12 ай ішінде жыныстық жолмен берілетін инфекциялар (ЖЖБИ) симптомдарының ең болмағанда біреуінің бар екенін атап өтті, оның ішінде көпшілігі (62,6%) ЖЖБИ-ден емделу үшін емдеу мекемелеріне медициналық көмекке жүгінбеген.
- Тұтастай алғанда, зерттеу сексуалдық және ұрпақты болу денсаулық мәселелері бойынша 15-19 жастағы жастардың хабардарлығының жағдайы сын көтермейтінін көрсетті және егер тиісті шаралар қабылданбаса, онда мұндай төмен хабардарлықтың болашақта денсаулық үшін жоғары тәуекел деңгейі бар мінез-құлыққа әкеледі, оның салдары АИТВ-ны қоса алғанда, жыныстық жолмен берілетін инфекциялар жағдайларының өсуіне және ұрпақты болу жасындағы халықтың бедеулігі санының ұлғаюына әкелу ықтималдығы жоғары. Мына деректер алаңдаушылық туғызады:

- АИТВ/ЖИТС туралы бес сұрақтың бәріне де 15-19 жастағы жастардың 9,1%-ы ғана дұрыс жауап берді. Басым көпшілігі – **91%-ы АИТВ/ЖИТС туралы жеткілікті дәрежеде хабардар емес.**
- Мүшеқаптарды (презервативтерді) пайдалану туралы дұрыс білімдері бар екенін (қаланбаған жүктіліктің алдын алу және ЖЖБИ/АИТВ жұқтыру қаупін азайту) 15-19 жастағы жастардың бар болғаны 34,4%-ы ғана көрсетті. Осылайша, респонденттердің 66%-ы қалаусыз жүктіліктің және мүшеқаптарды пайдалану арқылы ЖЖБИ/АИТВ жұқтырудың алдын алу туралы хабардар емес.
- Респонденттердің 35,3%-ы ғана ЖЖБИ-ді емдеу туралы дұрыс мағлұматы бар екендігін көрсетті, атап айтқанда, 15-19 жастағы жастардың көпшілігі – яғни, **65%-ы ЖЖБИ-ді емдеу қажеттілігі туралы хабардар емес.**
- 15-19 жастағы жастардың 85%-ы сексуалдық және ұрпақты болу денсаулығы (репродуктивті) денсаулық туралы, соның ішінде ЖЖБИ және АИТВ инфекциясы туралы белгілі бір ақпарат алатынын атап өтті. Бірақ бұл ақпаратты жастар негізінен интернеттен, әлеуметтік желілерден алатыны назар аудартады, яғни, алынатын ақпараттың сапасы мен дұрыстығы туралы мәселе туындайды. Сенімсіз көздерден алынған ақпарат жас адамдарды қателестіреді, демек, сексуалдық және ұрпақты болу денсаулығы (репродуктивті) денсаулық мәселелері бойынша 15-19 жастағы адамдардың хабардарлығының төмен көрсеткіштері де осыдан туындайды.
- АИТВ-ға қатысты ерікті кеңес беру және тестілеумен (ЕКТ) қамту көрсеткіші небәрі **8,4%** деңгейінде ғана, бұл жол беруге болмайтындай өте төмен көрсеткіш болып табылады. АИТВ-ның жыныстық жолмен таралуы өсіп келе жатқанын ескере отырып және 15-19 жастағы жастардың АИТВ мәселелері бойынша хабардарлығының төмен деңгейіне орай, ерікті кеңес беру және тестілеумен қамтудың төмен деңгейі дабыл қағатын белгі болып табылады.
- 73,5%-ы қай жерде АИТВ-ға анонимді тексерілуден өтуге болатынын білмейді. Хабардарлықтың төмен деңгейі ауылдық жерлерде тұратын жастар арасында, 15-17 жастағы қыздар арасында және жасөспірімдер арасында кең таралған.
- Жас адамдардың 47%-ы қауіпсіз емес түсіктердің салдарын білмейді және 46%-ы ЖЖБИ жұқтырудың салдарын білмейді.

ЗЕРТТЕУДІҢ ӘДІСНАМАСЫ

Зерттеудің мақсаты: 15-19 жас аралығындағы жасөспірімдер мен жастардың сексуалдық және ұрпақты болу (репродуктивті) денсаулығының жай-күйін, олардың сексуалдық мінез-құлқы мен сексуалдық және ұрпақты болу (репродуктивті) денсаулық саласындағы қызметтер мен ақпаратқа қол жеткізуін бағалау.

Зерттеудің міндеттері:

1. Үлгі анкетаға (сауалнамаға) сәйкес, 15-19 жастағы жасөспірімдер мен жастардың сексуалдық және ұрпақты болу (репродуктивті) денсаулық жағдайы, ұрпақты болу денсаулығын қорғау ақпараты мен қызметтеріне қолжетімділігі, қауіпсіз емес мінез-құлықтың таралуы және қалаусыз жүктіліктен қорғану тәсілдері, ЖЖБИ/АҚТҚ берілу дәрежесі туралы хабардарлық дәрежесі туралы деректерді алу;
2. Көрсеткіштер тізіміне сәйкес сексуалдық және ұрпақты болу (репродуктивті) денсаулық жағдайының индикаторларын есептеп шығару; жынысы, жасы және тұрғылықты жері (қала/ауыл) бойынша деректерді ұсыну;
3. Қауіпсіз емес мінез-құлықтың таралуы мен жастардың білім деңгейі арасындағы байланысты бағалау және жынысы, жасы және тұратын жері (қала/ауыл) бойынша деректерді ұсыну.

Зерттеу объектісі: 15-19 жас аралығындағы жасөспірімдер мен жастар: жалпы білім беретін мектептердің/гимназиялардың оқушылары, орта арнаулы және жоғары оқу орындарының студенттері, кәсіпорындарда жұмыс істейтіндер, мерзімді қызметтегі әскери қызметшілер және жұмыс істемейтін жастар.

Зерттеу географиясы: әкімшілік бөлінісі бойынша Қазақстан 17 өңірге бөлінеді, бұл 14 облыс және ерекше мәртебесі бар үш қала: Алматы, Шымкент және республиканың астанасы – Астана қаласы. Өз кезегінде, Қазақстанның белгіленген әкімшілік өңірлері географиялық орналасуы тұрғысынан: Шығыс, Батыс, Солтүстік, Оңтүстік, Орталық болып, 5 өңірге бөлінеді. Өңірлердің осы санын таңдау және оларға облыстарды жатқызу дәстүрлі және өңірлерді дамытудың табиғи-климаттық және экономикалық-географиялық ерекшеліктеріне байланысты болып табылады. Бұл жерде мынаны айта кету керек, 2018 жылдың 19 маусымында Қазақстан Президентінің Жарлығымен Оңтүстік Қазақстан облысы Түркістан облысы болып өзгертілді, ал оның әкімшілік орталығы Шымкенттен Түркістанға көшірілді. Шымкент республикалық маңызы бар қала мәртебесін алып, Оңтүстік Қазақстан облысының құрамынан шығарылды. Түркістан облысының орталығы – Түркістан қаласы. Зерттеу Қазақстанның барлық 17 әкімшілік өңірін қамтыды.

Іріктеу: өзгермелі саны бар көп сатылы кластерлік кездейсоқ таңдау арқылы іріктеу. Іріктеу негізі: орта мектептердің барлық сыныптарының, колледждер мен жоғары оқу орындарының оқу топтарының, әскери бөлімдердің және зерттеу өңірлеріндегі кәсіпорындардың тізімі.

1-кезең. Сыныптар/оқу топтарының санын, сондай-ақ саны 50 адамнан асатын әскери бөлімдердің, кәсіпорындар мен ұйымдардың тізімін көрсете отырып, облыстың 15-19 жастағы жастар оқытудан өтетін барлық оқу орындарының тізімін жасау.

Іріктеудің рұқсат етілген қатесі және іріктеме өлшемі: кластерлік іріктеме және кластерлер саны 40-тан асатындықтан, іріктеме дизайнының әсері 2-ге тең. Бұл зерттеуде орта мектептер, орта арнайы оқу орындары, жоғары оқу орындары, кәсіпорындар/ұйымдар типтері бойынша мәліметтер алу болжанады.

Іріктеме өлшемін есептеу үшін бастапқы деректер: Белгінің күтілетін таралуы – 50%; сенімділік деңгейінде 2,5% болған кезде ең жоғары рұқсат етілген қате – 95%, іріктеме дизайнының әсері – 2.

$$n = D \times \frac{z^2 \times p \times (1-p)}{d^2} = 2 \times \frac{2,58^2 \times 0,5 \times 0,5}{0,025^2} = 3073$$

Респонденттердің жалпы саны (оқушы және жұмыс істейтін жастар) – 3400 (әрбір өңірде 200 адам).

Облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының қоғамдық денсаулық сақтау департаменттері (Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Қоғамдық денсаулық сақтау комитеті) ұсынған деректер негізінде жастардың кездейсоқ кластерлік іріктеуі жасалынды. Іріктеудің негізін барлық жоғары сыныптар, орта арнаулы білім беру мекемелері мен жоғары оқу орындарының барлық оқу топтары, барлық әскери бөлімдер және саны 50 адамнан асатын барлық ұйымдар/кәсіпорындар құрайды.

2-кезең. Жастар арасында сауалнама жүргізу: оқушылар, студенттер, әскери қызметкерлер және іріктелген кластерде, жас өлшеміне сәйкес келетін (15-19 жастағы) жұмыс істейтін жастар.

3-кезең. Жұмыспен қамтылмаған, яғни оқымайтын және жұмыс істемейтін жастар арасынан 425 респондентке сұрақ қойылды. Жастардың бұл санаты әр зерттеу өңірінде, қалалық және ауылдық елді мекендерден 25 респонденттен «жұмбаздап үйілген қар» әдісімен іріктеліп алынды. «Бұл үлгіні алу әдісі мақсатты топтың әрбір өкілі осы топқа кіретін тағы бір немесе бірнеше адамды атауға болатындығына негізделген. Сондықтан сұхбат алушылар (интервьюерлер) алдымен кез келген әдістермен, көбінесе өз таныстарының арасынан бірінші респонденттерді іздейді. Ал өз кезегінде, олар тағы кімдерге сауалнама жасауға болатынын айтады. Нәтижесінде сауал жасалғандардың саны үйілген қар сияқты өсе береді».³

³ А. Чуриков, Случайные и неслучайные выборки в социологических исследованиях, журнал Социальная реальность, № 4, 2007 год, стр. 89 – А. Чуриков, Әлеуметтанушылық зерттеулердегі кездейсоқ және кездейсоқ емес іріктеулер, «Социальная реальность» журналы, № 4, 2007 жыл, 89-бет

4-кезең. Қосымша мерзімді қызметтегі 400 әскери қызметшілерден жауап алынды. Жастардың бұл санаты қызметін өткеріп жатқан жері бойынша әскери бөлімдерден сұралып, еліміздің оңтүстік, солтүстік, батыс, шығыс және орталық өңірлерін қамтиды. Респонденттердің жалпы іріктеуін өңірлер мен санаттар бойынша бөлу (N=4225) 1-кестеде берілген.

1-кесте. Санаттар мен өңірлер бойынша жоспарлы іріктеудің дизайны

№	Өңірлер	Мектептер/ гимназия- лар	Колледж- дер/ лицейлер	Жоға- ры оқу орында- ры	Жұмыс істейтін жастар	Жұмыс істемейтін жастар	Өңірдегі бар- лығы
1	Ақмола	50	50	50	50	25	225
2	Ақтөбе	50	50	50	50	25	225
3	Алматы	50	50	50	50	25	225
4	Атырау	50	50	50	50	25	225
5	Батыс Қазақстан	50	50	50	50	25	225
6	Жамбыл	50	50	50	50	25	225
7	Қарағанды	50	50	50	50	25	225
8	Қостанай	50	50	50	50	25	225
9	Қызылорда	50	50	50	50	25	225
10	Маңғыстау	50	50	50	50	25	225
11	Түркістан	50	50	50	50	25	225
12	Павлодар	50	50	50	50	25	225
13	Солтүстік Қазақстан	50	50	50	50	25	225
14	Шығыс Қазақстан	50	50	50	50	25	225
15	Астана қаласы	50	50	50	50	25	225
16	Алматы қаласы	50	50	50	50	25	225
17	Шымкент қаласы	50	50	50	50	25	225
Респонденттер түрлері бойынша барлығы		850	850	850	850	425	3825
Мерзімді қызметтегі әскери қызметшілер							400
Жалпы іріктеу							4225

Сауалнама үшін оқу орындары мен топтарды іріктеу

Әр өңірде сауалнама жүргізу үшін облыс орталығында және ауылдық жерлерде орналасқан мектептер іріктеліп алынды. Барлық мектептерге зерттеу іріктеуіне кіру мүмкіндігі үшін мектептер әр өңір бойынша мектептер тізімінен кездейсоқ сандардың генераторы арқылы кездейсоқ түрде іріктеліп алынды. Осылайша, зерттеу іріктеуі өңірлердің мектеп оқушыларын әкімшілік бөліністе де, қоныстың типі: қалалық және ауылдық мектептер бөлінісінде де таныстырады. Колледждер мен жоғары оқу орындары да тізімдерден кездейсоқ түрде іріктелген. Әр оқу орнының ішінде сыныптар мен топтар әр мектеп, колледж, жоғары оқу орны бойынша жасалған тізімдерден кездейсоқ түрде іріктеліп алынды.

Деректерді жинау әдістері

Зерттеудің мақсаты мен міндеттеріне қол жеткізу үшін деректерді жинаудың сандық әдісі қолданылды. Сандық әдіс – нақты математикалық және статистикалық модельдерді қамтиды, нәтижесінде бұл зерттелетін көрсеткіштердің нақты сандық мәндерге ие болуға мүмкіндік береді. Сандық зерттеу зерттелетін параметрлердің таралуын, сондай-ақ мөлшерін бағалауға мүмкіндік береді. Жеке сұрау немесе телефон арқылы сұрау нысанында жеке стандартталған сұхбат және өз бетінше толтыру әдісі сандық әдіске жатады. Бұл зерттеуде өз бетінше толтыру әдісі қолданылды, өйткені, сауалнама тақырыбының ерекшелігі жеке сипаттағы құпия ақпаратты алуға бағытталған сұрақтарды қамтиды.

Зерттеу құралдары

Сауалнаманы ЮНФПА және ҚПЗО сарапшылары бірлесіп әзірледі, ол әлеуметтік-демографиялық ақпаратты қоса алғанда, 45 сұрақтан тұрады.

Зерттеу сапасын қамтамасыз ету рәсімдері

- Жастардың сауалнамаларын толтыру рәсімі арнайы оқытылған сұхбат алушылармен (интервьюерлер) қамтамасыз етілген, олар респонденттерге өз бетінше толтырар алдында нұсқау берді.
- Сауалнамаларды толтыру сапасын компьютерлік бақылау.

Интервьюерлер тренингі

Зерттеудің далалық кезеңін жүргізудің алдында барлық өңірлерде интервьюерлер мен супервайзерлер екі күндік тренинг өткізді, оның барысында интервьюерлер:

- сауалнамалармен және толтыру ережелерімен танысты;
- респонденттерді іріктеу ережелерін үйренді;
- құжаттармен жұмыс істеу бойынша қажетті дағдыларға ие болды (сауалнамалар, бағдарлық парақтар, келісім нысандары).

Бұл жұмыстың нәтижелері, сондай-ақ ең типтік қателер тренингтің екінші күнінде талқыланды.

Этикалық мәселелер және оқу орындарына кіргізу мәселелері

БҰҰ Балалар қоры (ЮНИСЕФ) әзірлеген және бекіткен балалар арасында зерттеулер жүргізу ережелері бойынша балаларға (18 жастан кіші адамдарға) сауалнама жүргізу ата-аналардың келісімін алуды көздейді. Сауалнама (анкеталау) ата-аналар мен мұғалімдердің қатысуымен жүргізілмеуі тиіс. Ақпараттың жасырын және құпиялылығын қамтамасыз ету қажет.

18 жасқа дейінгі оқушылар арасында сауалнама жүргізу үшін ата-аналарға арналған келісім нысаны әзірленді (мектеп оқушылары арасында ЮНИСЕФ жобалары бойынша зерттеулер жүргізу кезіндегі ҚПЗО тәжірибесінен), онда олар әрбір өңірде

таңдалған сынып балаларына жүргізілген сауалнама жүргізуге қатысуға өз келісімін береді. Ол үшін алдын ала, балалар арқылы ата-аналарға зерттеу туралы ақпарат таратылады, егер ата-ана баланың сауалнамаға қатысуына келіссе, онда келісім нысанына қол қояды. Сауалнамаға ата-аналары олардың сауалнамаға қатысуына келісімін берген балалар қатысты.

Деректерді енгізу және өңдеу:

- «Мастер» жеке лицензиялық енгізу бағдарламасына деректер енгізуге арналған макет әзірленді.
- SPSS-да деректерді өңдеуге арналған макет әзірленді.
- Зерттеудің далалық кезеңінің қорытындысы бойынша анкеталар «Мастер» жеке лицензиялық бағдарламасына енгізілді.
- Деректерді өңдеу және талдау IBM SPSS Statistics 22 лицензиялық бағдарламасын пайдаланып жүргізілді.

Индикаторлар тізімі

Мінез-құлық индикаторлары:

- Жыныстық қатынас басталуының орташа жасы;
- Жыныстық қатынас жасау тәжірибесінің болуы;
- Жыныстық қатынас серіктесінің біреу болуы;
- Жыныстық қатынас серіктесінің біреуден көп болуы;
- Соңғы жыныстық қатынас кезінде мүшеқапты пайдаланғанын көрсеткен 15-19 жастағы жасөспірімдердің үлесі;
- АИТВ инфекциясына тестілеу;
- Адамдардың жыныстық қатынасқа түсуді кейінге қалдыру себептері;
- Респонденттер арасында жүктіліктің болуы;
- Жыныстық қатынасқа түскен 15-19 жастағы қыздар арасында жүктіліктің болуы;
- Жыныстық қатынасқа түсудің жиілігі;
- 15-19 жастағы жасөспірім қыздар арасында үй жағдайында жасалған жасанды түсіктердің таралуы;
- 16 жасқа дейін, 17 және 18 жасқа дейін жыныстық қатынаста болған 15-19 жастағы бозбалалардың үлесі.

Денсаулық жай-күйінің индикаторлары:

- ЖЖБИ симптомдарының болуы

Қарым-қатынас индикаторлары:

- АИТВ-ны жұқтырған адамдарға қатысты стигманың болмауы

Білім индикаторлары:

- АИТВ/ЖИТС туралы дұрыс жан-жақты білімнің болуы
- Мүшеқапты пайдалану туралы ақпараты болуы
- ЖЖБИ-ды емдеу туралы хабардарлық

Ақпаратқа қолжетімділік индикаторлары:

- АИТВ-инфекция мен ЖЖБИ-ды қоса алғанда, жасөспірімдер үшін сексуалдық және ұрпақты болу денсаулығы туралы ақпаратқа қолжетімділік

Медициналық қызметтерге қолжетімділік индикаторлары:

- Контрацепцияның қазіргі заманғы әдістерінің көмегімен жүктілікті болдырмауда қанағаттанбаған қажеттіліктер
- Мүшеқаптар қолжетімсіз деп мәлімдегендердің ішіндегі 15-19 жастағы жастардың үлесі
- ЖЖБИ симптомдары бар, Емдеу-профилактикалық ұйымдарда (ЕПҰ) оларды диагностикалау, емдеу және кеңес алу бойынша тиісті қызметтер алғандардың ішіндегі 15-19 жастағы жастардың үлесі
- Ұрпақты болу денсаулығы бойынша проблемалары (соның ішінде ЖЖБИ симптомдары) бар 15-19 жастағы жастардың ЕПҰ-ға емделуге және кеңес алуға жүгінбеу себептерінің құрылымы.

ЗЕРТТЕУДІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ

Әлеуметтік-демографиялық сипаттамалары

Зерттеу әдіснамасын әзірлеу кезінде 4225 респондентпен сауалнама өткізу жоспарланған, далалық жұмыс нәтижесінде 4360 респондент сұралды. Респонденттердің сауалнама нәтижесінде қол жеткізілген санаттар бойынша бөлінісі 2-кестеде көрсетілген.

2-кесте. Сұралған респонденттердің санаттар бойынша бөлінісі

Респонденттердің санаттары	n	%
	4360	100%
Мектеп оқушылары (ауылдық және қалалық)	919	21%
Колледж студенттері	889	20%
ЖОО студенттері	861	20%
Әскери бөлімдердегі әскери қызметшілер	405	9%
Жұмыс істейтін жастар	858	20%
Жұмыс істемейтін жастар	428	10%

Респонденттердің әлеуметтік-демографиялық сипаттамалары 3-кестеде берілген. Сауалнамаға қатысушылардың орташа жас шамасы 17,3 жасты құрайды. Бозбалалар үлесі (52,2%) бойжеткендерге қарағанда сәл артық (47,8%). Этникалық белгі ресми статистиканың деректеріне жақын: респонденттердің көбісі (74%) – қазақ ұлтынан, 18% – орыс және 8%-ға жуығы өзге ұлт өкілдері.

Сұралған оқушылардың 61,5%-ы үшін мектепте білім алу тілі қазақ тілі, 38%-ы орыс тілінде және 0,5%-ы басқа тілдерде тәлім алады. Сауалнамаға қатысқан 15-19 жастағы жастардың көбісі (79,7%) қалаларда тұрады, ауылдарда респонденттердің 20,3%-ы тұрады.

3-кесте. Респонденттердің әлеуметтік-демографиялық сипаттамалары

		n	%
Гендер	Бозбалалар	2276	52,2%
	Бойжеткендер	2084	47,8%
Жас шамасы	15 жас	715	16,4%
	16 жас	736	16,9%
	17 жас	715	16,4%
	18 жас	992	22,8%
	19 жас	1202	27,6%
Этникалық белгісі	Қазақтар	3225	74%
	Орыстар	775	17,8%
	Өзге ұлттар	336	7,7%
Мектептегі білім алатын тілі	Қазақ	2681	61,5%
	Орыс	1658	38%
	Өзге тіл	21	0,5%
Қоныстың түрі	Қала	3477	79,7%
	Ауыл	883	20,3%

Осы есепте ұсынылған индикаторлар әлеуметтік-демографиялық белгілер тұрғысынан талданды, анықталған статистикалық маңызды айырмашылықтар тиісінше сипатталды.

МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ ИНДИКАТОРЛАРЫ

Индикатор: жыныстық қатынас жасау тәжірибесінің болуы

Жыныстық қатынасқа түсуді тұрмыс құрғанға дейін кейінге шегеру – қауіпсіз жыныстық мінез-құлықтың негізгі элементтерінің бірі болып табылады. Зерттеу жыныстық қатынасқа түсу тәжірибесі бар 15-19 жастағы жастардың үлесі 29,4%-ды құрайтынын (4-кесте) көрсетті.

Индикатордың айқындамасы:

Алымы: бір кездері жыныстық қатынасқа түскенін көрсеткен респонденттердің саны.

Бөлімі: барлық респонденттердің саны.

4-кесте. Индикатордың мәні және оны есептеу үшін пайдаланылған сұраққа респонденттер жауаптарының бөлінісі, n=4360

Индикатордың мәні	29,4%
Осыған дейін жыныстық қатынаста болдыңыз ба?	
Иә	1284 (29,4%)
Жоқ	3076 (70,6%)

Жалпы, 15-19 жастағы жастардың ішіндегі жыныстық қатынасқа түсу тәжірибесі барлардың үлесі осы топтағы жастардың үштен бір бөлігін құрайды – 29,4%. Гендер, қоныс түрі және жас топтары тұрғысынан индикатордың бөлінісі 5-кестеде көрсетілген. Деректер көрсетіп отырғандай, жыныстық қатынас тәжірибесі бойжеткендерге қарағанда бозбалалар арасында кеңірек таралған, сондай-ақ, қала жастары арасында және 19-жастағылар арасында жиі кездеседі.

5-кесте. Гендер, қоныс түрі және жас топтары бөлінісіндегі индикатордың мәні, n=4360

Осы уақытқа дейін жыныстық қатынаста болдыңыз ба?		
	Иә	Жоқ
Бүкіл іріктеу бойынша жауаптардың бөлінісі	1284 (29,4%)	3076 (70,6%)
Гендер (p<0,05)	Бойжеткен	294 (14,1%)
	Бозбала	990 (43,5%)
Қоныстың түрі (p<0,05)	Қала	1051 (30,2%)
	Ауыл	233 (26,4%)
Жас шамасы (p<0,05)	15 жас	36 (5%)
	16 жас	71 (9,6%)
	17 жас	118 (16,5%)
	18 жас	372 (37,5%)
	19 жас	687 (57,2%)
		650 (73,6%)
		679 (95%)
		665 (90,4%)
		597 (83,5%)
		620 (62,5%)
		515 (42,8%)

Индикатор: Жыныстық қатынас басталуының орташа жасы

Индикатордың айқындамасы:

Бірінші жыныстық қатынас болған кездегі жас шамасын көрсететін айнымалының орташа мәні («Жыныстық қатынасқа алғаш рет неше жаста түстіңіз?» сұрағына жауаптар).

Зерттеу мәліметтері бойынша 15-19 жастағы жастар арасында жыныстық қатынасқа алғаш рет түскен жастың орташа шамасы 16,52 жасты құрады, респонденттер көрсеткен ең төменгі шама – 10 жас, ең жоғарғы жасы – 19 жас.

Гендер бөлінісінде елеулі айырмашылықтар байқалады: бозбалалар бойжеткендерден бұрын жыныстық қатынасқа түседі. Қоныстың түрі мен этникалық белгісі бойынша статистикалық тұрғыдан айырмашылықтар аса үлкен емес, яғни 15-19 жастағы жастар қайда тұратынына (қалада немесе ауылда) және этникалық қатыстылығына қарамастан жыныстық қатынастарға шамамен бір жаста түседі (6-кесте).

6-кесте. Жыныстық қатынас басталуының орташа жас шамасы, n=1284

		Орташа жас мөлшері
Бүкіл іріктеу бойынша орта жас мөлшері		16,52
Гендер	Бойжеткен	17,26
	Бозбала	16,3
Қоныстың түрі	Қала	16,49
	Ауыл	16,63
Этникалық белгі	Қазақтар	16,56
	Орыстар	16,45
	Өзге ұлттар	16,44

Индикатор: 16 жасқа дейін, 17 және 18 жасқа дейін жыныстық қатынаста болған 15-19 жастағы бозбалалардың үлесі

Көрсеткіш 15-19 жастағы жасөспірімдердің жыныстық қатынасты бастаған жас шамасын сипаттайды.

Индикатордың айқындамасы:

Алымы: 15 жасқа дейін, 16, 17 жасында жыныстық қатынас жасай бастағанын көрсеткен 15, 16, 17, 18 және 19 жастағы респонденттердің саны.

Бөлімі: 15-19 жас аралығындағы барлық респонденттердің саны.

«Жыныстық қатынасқа алғаш рет қашан түстіңіз?» деген сұраққа жауаптардың бөлінісі 7-кестеде берілген.

Деректер 15-19 жастағы жастардың арасында жыныстық қатынасқа алғаш рет 15 жасқа дейін 2,5%-ы, 16 жасқа дейін 6%-ы, 17 жасқа дейін 13,1%-ы, 18 жасқа дейін 20,9%-ы түскенін көрсетеді.

7-кесте. Индикатордың мәні және оны есептеу үшін пайдаланылған сұраққа респонденттер жауаптарының бөлінісі, n=1284

Жыныстық қатынасқа алғаш рет қашан (неше жаста) түстіңіз?	
15 жасқа дейін	115 (2,5%)
15 жаста	154 (3,5%)
16 жаста	308 (7,1%)
17 жаста	340 (7,8%)
18 жаста	298 (6,8%)
19 жаста	60 (1,4%)

Индикатор: Жыныстық қатынас серіктесінің біреу болуы

Бұл индикатор 15-19 жастағы жастардың жыныстық мінез-құлқын, бір жыныстық серіктесінің болуын сипаттайды.

Индикатордың айқындамасы:

Алымы: соңғы 12 айда бір сексуалдық серіктестің болғанын көрсеткен 15-19 жастағы респонденттер саны.

Бөлімі: жыныстық қатынаста болған 15-19 жастағы респонденттер саны.

8-кесте. Индикатордың мәні және оны есептеу үшін пайдаланылған сұраққа респонденттер жауаптарының үлесі, n=1284

Индикатордың мәні	55,9%
Соңғы 12 айда бір адамнан артық жыныстық серіктеспен жыныстық қатынасқа түстіңіз бе?	
Иә	566 (44,1%)
Жоқ	718 (55,9%)

Гендер тұрғысынан елеулі статистикалық айырмашылықтар байқалады: бойжеткендер арасында бір жыныстық серіктестің болуы айтарлықтай жиі кездеседі. Қоныстар түрі мен жас топтары тұрғысынан маңызды айырмашылықтар байқалмайды, яғни көрсетілген әлеуметтік-демографиялық белгілерде бір жыныстық серіктесінің болуы кең таралған белгілі бір әлеуметтік топтар жоқ (9-кесте).

9-кесте. Гендер, қоныс түрі және жас топтары бөлінісіндегі индикатордың мәні, n=1284

		Бір жыныстық серіктестің болуы
Бүкіл іріктеу бойынша жауаптардың бөлінісі		718 (55,9%)
Гендер (p<0,05)	Бойжеткен	242 (82,3%)
	Бозбала	476 (48,1%)
Қоныстың түрі (p>0,05)	Қала	585 (55,7%)
	Ауыл	133 (57,1%)
Жас шамасы (p>0,05)	15 жас	24 (66,7%)
	16 жас	36 (50,7%)
	17 жас	75 (63,6%)
	18 жас	215 (57,8%)
	19 жас	368 (53,6%)

Индикатор: Жыныстық қатынас серіктесінің біреуден көп болуы

Бұл көрсеткіш жастардың жоғары тәуекел деңгейі бар жыныстық қатынасқа (яғни, серіктестерді ауыстыруға) бейімдік дәрежесін сипаттайды.

Индикатордың айқындамасы:

Алымы: соңғы 12 айда біреуден көп сексуалдық серіктестің болғанын көрсеткен 15-19 жастағы респонденттер саны.

Бөлімі: жыныстық қатынаста болған 15-19 жастағы респонденттер саны.

10-кесте. Индикатордың мәні және оны есептеу үшін пайдаланылған сұраққа респонденттер жауаптарының бөлінісі, n=1284

Индикатордың мәні		44,1%
Соңғы 12 айда бір адамнан артық жыныстық серіктеспен жыныстық қатынасқа түстіңіз бе?		
Иә		566 (44,1%)
Жоқ		718 (55,9%)

Соңғы 12 айда біреуден көп серіктестің болуы, яғни жоғары тәуекел деңгейі бар жыныстық қатынас бойжеткендерге қарағанда (17,7%) бозбалалар арасында (51,9%) жиі байқалады. Қоныстың түрі мен жас шамасы тұрғысынан алғанда маңызды айырмашылық байқалмайды (11-кесте).

11-кесте. Гендер, қоныс түрі және жас топтары бөлінісіндегі индикатордың мәні, n=1284

		Біреуден көп серіктестің болуы
Бүкіл іріктеу бойынша жауаптардың үлесі		566 (44,1%)
Гендер (p<0,05)	Бойжеткен	52 (17,7%)
	Бозбала	514 (51,9%)
Қоныстың түрі (p>0,05)	Қала	466 (44,3%)
	Ауыл	100 (42,9%)
Жас шамасы (p>0,05)	15 жас	12 (33,3%)
	16 жас	35 (49,3%)
	17 жас	43 (36,4%)
	18 жас	157 (42,2%)
	19 жас	319 (46,4%)

Респонденттер жыныстық серіктестердің әр түрлі: кем дегенде 2-ден 40-қа дейінгі (максимум) санын атады, серіктестер санының орташа мәні – 4,6 (стандартты ауытқуы 4,5), мода 2-ге тең – бұл ең жиі кездесетін мән.

Жалпы алғанда, он үш (1,2%) респондент соңғы 12 айда оларда 20 және одан да көп жыныстық серіктес болғанын көрсетті. Бұл бақылау деректерін бөліп тастасақ, серіктестер санының орташа мәні 4,1-ге тең (стандартты ауытқу 3,0).

Индикатор: Соңғы жыныстық қатынас кезінде мүшеқапты пайдалануы

Бұл көрсеткіш жастардың тәуекел деңгейі жоғары жыныстық қатынасқа қаншалықты бейім екенін сипаттайды.

Индикатордың айқындамасы:

Алымы: соңғы 12 айда біреуден көп сексуалдық серіктестің бар екенін көрсеткен, сондай-ақ соңғы жыныстық қатынас кезінде олардың мүшеқапты (презервативті) пайдаланғанын көрсеткен 15-19 жастағы респонденттер саны.

Бөлімі: соңғы 12 айда біреуден көп сексуалдық серіктестің бар екенін көрсеткен 15-19 жастағы респонденттер саны.

12-кесте. Индикатордың мәні және оны есептеу үшін пайдаланылған сұраққа респонденттер жауаптарының бөлінісі, n=566

Индикатордың мәні	80,4%
Сіз (немесе сіздің серіктесіңіз) соңғы жыныстық қатынаста мүшеқапты пайдаландыңыз ба?	
Иә	455 (80,4%)
Жоқ	91 (16,1%)
Білмеймін / есімде жоқ	20 (3,5%)

Гендер, қоныс түрі және жас топтары тұрғысынан осы индикатордың мәні 13-кестеде көрсетілген. Талдау барлық ұсынылған бөліністер статистикалық тұрғыдан маңызды еместігін ($p > 0,05$), бұл әр түрлі әлеуметтік топтарда (бойжеткендер де, бозбалалар да, қалада да, ауылда да, т.б.) 15-19 жастағы жастардың көпшілігі соңғы жыныстық қатынас кезінде өздері (немесе олардың серіктесі) мүшеқапты қолданғанын білдіреді.

13-кесте. Гендер, қоныс түрі және жас топтары бөлінісіндегі индикатордың мәні, n=566

Сіз (немесе сіздің серіктесіңіз) соңғы жыныстық қатынаста мүшеқапты пайдаландыңыз ба?		Иә	Жоқ	Білмеймін
Бүкіл іріктеу бойынша жауаптардың үлесі		455 (80,4%)	91 (16,1%)	20 (3,5%)
Гендер	Бойжеткен	41 (78,8%)	10 (19,2%)	1 (1,9%)
	Бозбала	414 (80,5%)	81 (15,8%)	19 (3,7%)
Қоныстың түрі	Қала	381 (81,8%)	69 (14,8%)	16 (3,4%)
	Ауыл	74 (74%)	22 (22%)	4 (4%)
Жас шамасы	15 жас	12 (100%)	-	-
	16 жас	28 (80%)	5 (14,3%)	2 (5,7%)
	17 жас	37 (86%)	6 (14%)	-
	18 жас	130 (82,8%)	23 (14,6%)	4 (2,5%)
	19 жас	248 (77,7%)	57 (17,9%)	14 (4,4%)

Индикатор: Жыныстық қатынасқа түсудің жиілігі

Бұл индикатор 15-19 жастағы жастардың жыныстық мінез-құлқын, атап айтқанда жыныстық қатынасқа түсу жиілігін сипаттайды.

Индикатордың айқындамасы:

15-19 жас аралығындағы респонденттердің «Жыныстық қатынасқа қаншалықты жиі түсесіз?» деген сұраққа жауаптарының бөлінісі.

Нәтижелер 1-сурет пен 14-кестеде көрсетілген. Деректер көрсетіп отырғандай, 15-19 жас шамасындағы жастардың жартысынан көбі (48%) «анда-санда» жыныстық қатынасқа түседі. 13,1%-да бұл бір рет болған эпизод, сонымен қатар елеулі бөлігі (39%) жыныстық қатынасқа тұрақты түрде (16,1%) немесе жиі (22,8%) түседі.

1-сурет. «Жыныстық қатынасқа қаншалықты жиі түсесіз?» деген сұраққа респонденттер жауаптарының бөлінісі, n=1284



Гендер, қоныстың түрі мен жас шамасы тұрғысынан алғанда елеулі айырмашылықтар байқалады: тұрақты және жиі қарым-қатынастар бойжеткендер арасында, қала тұрғындары арасында, 19 жастағылар арасында кең таралған; «анда-санда» түсетін қатынастар бозбалалар арасында, ауыл тұрғындары арасында, 15-18 жастағы жастар арасында кеңірек таралған (14-кесте).

14-кесте. Гендер, қоныс түрі және жас топтары бөлінісіндегі индикатордың мәні, n=1284

Жыныстық қатынастарға қаншалықты жиі түсесіз?					
		Үнемі	Жиі	Анда-санда	Бір рет қана
Бүкіл іріктеу бойынша жауаптардың үлесі		207 (16,1%)	293 (22,8%)	616 (48,0%)	168 (13,1%)
Гендер	Бойжеткен	69 (23,5%)	70 (23,8%)	105 (35,7%)	50 (17,0%)
	Бозбала	138 (13,9%)	223 (22,5%)	511 (51,6%)	118 (11,9%)
Қоныстың түрі	Қала	184 (17,5%)	248 (23,6%)	489 (46,5%)	130 (12,4%)
	Ауыл	23 (9,9%)	45 (19,3%)	127 (54,5%)	38 (16,3%)
Жас шамасы	15 жас	2 (5,6%)	2 (5,6%)	22 (61,1%)	10 (27,8%)
	16 жас	4 (5,6%)	12 (16,9%)	36 (50,7%)	19 (26,8%)
	17 жас	8 (6,8%)	20 (16,9%)	61 (51,7%)	29 (24,6%)
	18 жас	52 (14,0%)	75 (20,2%)	198 (53,2%)	47 (12,6%)
	19 жас	141 (20,5%)	184 (26,8%)	299 (43,5%)	63 (9,2%)

Индикатор: Адамдардың жыныстық қатынасқа түсуді кейінге қалдыру себептері

Бұл индикатор жыныстық қатынасқа түспеген 15-19 жас шамасындағы жастардың мінез-құлқын, жыныстық қатынасқа түсуді кейінге қалдыру себептерін сипаттайды.

Индикатордың айқындамасы:

15-19 жас аралығындағы, жыныстық қатынасқа түспеген респонденттердің «Адамдар жыныстық өмірді бастамауына әр түрлі себептер болуы мүмкін, яғни жыныстық қатынасқа түспейді. Төменде аталғандардың қайсысы Сізге сәйкес келетінін көрсетіңізші?» деген сұраққа жауаптарының бөлінісі.

Нәтижелер 2-суретте көрсетілген. Ең кең тарағандары: «Мен тұрмыс құрғанға (үйленгенге) дейін жыныстық қатынасқа түсуді дұрыс емес деп санаймын» (53,7%) және «Мен АИТВ-инфекциясын немесе жыныстық жолмен берілетін басқа да инфекцияларды жұқтырып алудан қорқамын» (43,8%) деген жауаптар. Бойжеткендердің басым бөлігі (37,1%) жүкті болудан қорқады, сондықтан жыныстық қатынасқа түспейді.

Гендер, қоныс түрі және жас шамасы тұрғысында аталған себептердің үлесі 15-кестеде көрсетілген.

2-сурет. Респонденттердің жыныстық қатынасқа түсуді кейінге қалдыру себептері туралы сұраққа жауаптарының бөлінісі, n=3076



Әлеуметтік-демографиялық белгілер тұрғысындағы деректерді талдай отырып, маңызды айырмашылықтар ($p < 0,05$) гендер бөлінісінде байқалатынын атап өткен жөн: некеге дейін жыныстық қатынасқа түсу дұрыс емес деген пікір бозбалаларға

қарағанда (42%) бойжеткендер арасында (62%) жиі кездеседі. Сондай-ақ бойжеткендер арасында жыныстық қатынасқа түсуге дайын еместігі (48,8%) және АИТВ-инфекциясын немесе басқа ЖЖБИ жұқтырудан қорқу (44,7%) себептері жиі таралған.

15-кесте. Респонденттердің жыныстық қатынасқа түсуді кейінге қалдыру себептері туралы сұраққа жауаптарының гендер, қоныс түрі және жас топтары бойынша бөлінісі, n=3076

		Сізге қандай себептер сәйкес келеді?				
		Мен жыныстық қатынасқа түсуге дайынмын деп ойламаймын	Менің жыныстық қатынасқа түсуге мүмкіндігім болмады	Мен тұрмыс құрғанға дейін жыныстық қатынастарға түсуді дұрыс емес деп санаймын	ТЕК БОЙЖЕТКЕНДЕР ҮШІН (n=1790): мен жүкті болудан қорқамын	Мен АИТВ-инфекциясын немесе жыныстық жолмен берілетін басқа да инфекцияларды жұқтырып алудан қорқамын
		1204 (39,1%)	798 (25,9%)	1653 (53,7%)	664 (37,1%)	1346 (43,8%)
Гендер	Бойжеткен	874 (48,8%)	440 (24,6%)	1110 (62,0%)	664 (37,1%)	800 (44,7%)
	Бозбала	330(25,7%)	358 (27,8%)	543 (42,2%)	-	546 (42,5%)
Қоныстың түрі	Қала	984 (40,6%)	647 (26,7%)	1324 (54,6%)	536 (37,4%)	1082 (44,6%)
	Ауыл	220 (33,8%)	151 (23,2%)	329 (50,6%)	128 (36,1%)	264 (40,6%)
Жас шамасы	15 жас	269 (39,6%)	159 (23,4%)	328 (48,3%)	148 (38,1%)	286 (42,1%)
	16 жас	269 (40,5%)	186 (28,0%)	329 (49,5%)	145 (39,1%)	316 (47,5%)
	17 жас	215 (36,0%)	158 (26,5%)	318 (53,3%)	117 (36,2%)	247 (41,4%)
	18 жас	254 (41,0%)	163 (26,3%)	379 (61,1%)	145 (37,2%)	272 (43,9%)
	19 жас	197 (38,3%)	132 (25,6%)	299 (58,1%)	109 (34,3%)	225 (43,7%)

Индикатор: 15-19 жастағы қыздар арасында жүктіліктің болуы

Бұл көрсеткіш жалпы 15-19 жастағы жасөспірім бойжеткендердің арасындағы сексуалдық және ұрпақты болу мінез-құлқының нәтижелерін сипаттайды.

Индикатордың айқындамасы:

Алымы: бір кездері жүкті болғанын көрсеткен 15-19 жастағы респонденттердің саны.

Бөлімі: 15-19 жас шамасындағы әйел жынысты барлық респонденттердің саны.

«Респонденттер арасында жүктіліктің болуы» индикаторының мәні 2,4%-ға тең (16-кесте).

16-кесте. Индикатордың мәні және оны есептеу үшін пайдаланылған сұраққа респонденттер жауаптарының бөлінісі, n=2084

Индикатордың мәні	2,4%
Сіз қашанда жүкті болдыңыз ба?	
Иә	49 (2,4%)
Жоқ	234 (11,2%)
Жыныстық қарым-қатынасқа түскен жоқпыз	1801 (86,4%)

Осы индикатордың қоныстану түрі мен жас топтары тұрғысындағы мәні 17-кестеде берілген, барлық ұсынылған бөліністер статистикалық тұрғыдан мәнді ($p < 0,05$). Яғни, қалалық бойжеткендердің арасында ауылдық бойжеткендерге қарағанда және 15-18 жастағы бойжеткендермен салыстырғанда 19 жастағы бойжеткендер арасында жүктілік фактілері едәуір көп.

17-кесте. Гендер, қоныс түрі және жас топтары бөлінісіндегі индикатордың мәні, n=2084

Сіз әйтеуір бір кездері жүкті болдыңыз ба?				
		Иә	Жоқ	Жыныстық қарым-қатынасқа түскен жоқпыз
Бүкіл іріктеу бойынша жауаптардың бөлінісі		49 (2,4%)	234 (11,2%)	1801 (86,4%)
Қоныстың түрі ($p < 0,05$)	Қала	44 (2,6%)	214 (12,6%)	1445 (84,9%)
	Ауыл	5 (1,3%)	20 (5,2%)	356 (93,4%)
Жас шамасы ($p < 0,05$)	15 жас	-	4 (1,0%)	389 (99,0%)
	16 жас	1 (0,3%)	11 (2,9%)	371 (96,9%)
	17 жас	2 (0,6%)	30 (8,4%)	324 (91,0%)
	18 жас	10 (2,0%)	85 (17,3%)	395 (80,6%)
	19 жас	36 (7,8%)	104 (22,5%)	322 (69,7%)

Индикатор: Жыныстық қатынасқа түскен 15-19 жастағы қыздар арасында жүктіліктің болуы

Бұл көрсеткіш жыныстық қатынасқа түскен 15-19 жастағы жасөспірім бойжеткендердің арасындағы сексуалдық және ұрпақты болу мінез-құлқының нәтижелерін сипаттайды.

Индикатордың айқындамасы:

Алымы: бір кездері жүкті болғанын көрсеткен 15-19 жастағы респонденттердің саны.

Бөлімі: 15-19 жас аралығындағы, жыныстық қатынасқа түскен әйел жынысты респонденттердің саны.

Зерттеу деректері бойынша «респонденттер арасындағы жыныстық қатынасқа түсіп жүкті болған» индикатордың мәні 16,7%-ға тең (18-кесте).

18-кесте. Индикатордың мәні және оны есептеу үшін пайдаланылған сұраққа респонденттер жауаптарының бөлінісі, n=294

Индикатордың мәні	16,7%
Сіз қашанда жүкті болдыңыз ба?	
Иә	49 (16,7%)
Жоқ	234 (79,6%)
Жауап бермеді	11 (3,7%)

Осы индикатордың қоныстану түрі мен жас топтары тұрғысындағы мәні 19-кестеде көрсетілген. Маңыздылық көрсеткіші ($p < 0,05$) жыныстық қатынасқа түскен 19 жастағы бойжеткендер арасындағы жүктілік фактілері 15-18 жастағы бойжеткендермен салыстырғанда едәуір көп екенін көрсетеді.

19-кесте. Қоныс түрі және жас топтары бөлінісіндегі индикатордың мәні, n=294

Сіз әйтеуір бір кездері жүкті болдыңыз ба?				
		Иә	Жоқ	Жауап бермеді
Бүкіл іріктеу бойынша жауаптардың бөлінісі		49 (16,7%)	234 (79,6%)	11 (3,7%)
Қоныстың түрі ($p > 0,05$)	Қала	44 (16,4%)	214 (79,9%)	10 (3,7%)
	Ауыл	5 (19,2%)	20 (76,9%)	1 (3,8%)
Жас шамасы ($p < 0,05$)	15 жас	-	4 (80%)	1 (20,0%)
	16 жас	1 (8,3%)	11 (91,7%)	-
	17 жас	2 (6,1%)	30 (90,9%)	1 (3,0%)
	18 жас	10 (10%)	85 (85,0%)	5 (5,0%)
	19 жас	36 (25%)	104 (72,2%)	4 (2,8%)

Индикатор: 15-19 жастағы жасөспірім бойжеткендер арасында үй жағдайында жасалған жасанды түсіктердің таралуы

Көрсеткіш 15-19 жастағы жасөспірім бойжеткендердің сексуалдық және ұрпақты болу мінез-құлқын және медициналық көмекке жүгіну әрекеттерін сипаттайды.

Зерттеу көрсеткендей, жыныстық қатынаста болған 15-19 жастағы 49 (16,7%) респондент бір кездері жүкті болған. Олардың көбісінде жүктілік босанумен аяқталған – 30 (62%). Жасанды түсік 11 (22%) респондентте болған, 8 (16%) респондентте өздігінен түсік түскен.

Индикатордың айқындамасы:

Алымы: өмірінде үй жағдайында әйтеуір бір рет жасанды түсік жасадым деп жауап берген 15-19 жас аралығындағы респонденттер саны.

Бөлімі: өмірінде болған жүктілік туралы хабардар еткен 15-19 жастағы әйел жынысты респонденттердің саны.

Сауалнама нәтижелері бойынша бір ғана респондент (2%) үй жағдайында аборт жасағанын атап өтті (20-кесте).

20-кесте. Индикатордың мәні және оны есептеу үшін пайдаланылған сұраққа респонденттер жауаптарының бөлінісі, n=11

Индикатордың мәні	2%
Жасанды түсік қайда жасалды?	
Үй жағдайында	1 (9,1%)
Мемлекеттік медициналық мекемеде	4 (36,4%)
Жеке медициналық ұйымда	6 (54,5%)

Индикатор: АИТВ инфекциясына тестілеу

Көрсеткіш 15-19 жас шамасындағы жастардың ерікті кеңес беру және тестілеу қызметтерімен қамтылуын және оның қолжетімділігін сипаттайды.

15-19 жастағы жастар арасында жүргізілген сауалнама көпшіліктің (73,5%) АИТВ-ға қай жерде анонимді тексерілуден өтуге болатынын білмейтіндігін көрсетті. Бұл ақпараттан хабардар болу деңгейі ауылдық жерлерде тұратын жастар арасында, бойжеткендер арасында, 15-17 жастағы жасөспірімдер арасында төменірек.

«Сіз соңғы 12 айда АИТВ-ға тексерілу үшін емдеу мекемелеріне жүгіндіңіз бе?» деген сұраққа 369 (8,5%) респондент оң жауап берді, тиісінше көпшілігі (3991, немесе 91,5%) «жүгінген жоқпын» деп жауап берді.

Индикатордың айқындамасы:

Алымы: соңғы 12 ай ішінде АИТВ-ға тексерілген және нәтижелерін алған 15-19 жастағы респонденттер саны.

Бөлімі: барлық респонденттер саны.

Бұл көрсеткіш халықтың ерікті кеңес беру және тестілеу қызметтерімен қамтылуын және оның қолжетімділігін сипаттайды. 15-19 жас аралығындағы жастар арасында ерікті кеңес беру және тестілеу көрсеткіші 8,4% деңгейінде (21-кесте).

21-кесте. Индикатордың мәні және оны есептеу үшін пайдаланылған сұрақтарға жауаптарының бөлінісі, n=4360

Индикатордың мәні	8,4%
Сіз соңғы 12 айда АИТВ-ға тексерілдіңіз бе?	
Иә	454 (10,4%)
Жоқ	3595 (82,5%)
Білмеймін	311 (7,1%)
Сіз АИТВ-ға тексерілу нәтижелерін білесіз бе?	
Иә	365 (8,4%)
Жоқ	92 (2,1%)
Тексерілмеген / білмейді	3903 (89,5%)

Гендер, қоныс түрі және жас бөлінісінде «АИТВ инфекциясына тексерілу» индикаторының мәні 22-ші кестеде көрсетілген, гендер мен жас бөлінісінде елеулі айырмашылықтар байқалады.

22-кесте. Гендер, қоныс түрі және жас бөлінісіндегі индикатордың мәні, n=4360

Сіз АИТВ-ның тексеру нәтижелерін білесіз бе?				
		Иә	Жоқ	Тексерілмеген
Барлық іріктеу бойынша жауаптардың бөлінісі		365 (8,4%)	92 (2,1%)	3903 (89,5%)
Гендер (p<0,05)	Бойжеткен	154 (7,4%)	29 (1,4%)	1901 (91,2%)
	Бозбала	211 (9,3%)	63 (2,8%)	2002 (88,0%)
Қоныс түрі (p>0,05)	Қала	306 (8,8%)	71 (2,0%)	3100 (89,2%)
	Ауыл	59 (6,7%)	21 (2,4%)	803 (90,9%)
	15 жас	7 (1,0%)	16 (2,2%)	692 (96,8%)
	16 жас	19 (2,6%)	14 (1,9%)	703 (95,5%)
Жасы (p<0,05)	17 жас	50 (7,0%)	8 (1,1%)	657 (91,9%)
	18 жас	93 (9,4%)	16 (1,6%)	883 (89,0%)
	19 жас	196 (16,3%)	38 (3,2%)	968 (80,5%)

АИТВ тексерілуінен өткен жастар (n=454) мұны көбінесе ерікті түрде (221 респондент, немесе 48,7%) немесе дәрігердің жіберуі бойынша (184 респондент, немесе 40,5%) жасады. Жалпы 27 респондент (5,9%) тексеру мәжбүрлі түрде болғанын атап өтті. Тағы 18 респондент (4%) тексеру әскерде жасалғанын айтты, ал 4 респондент (0,9%) тексеру жұмысқа қабылдау кезінде жүргізілгенін атап өтті.

Көптеген жағдайларда АИТВ-ға тексеру кезінде консультация тексеріске дейін (60,8%) және тексеруден кейін (57%) жүргізілді.

АИТВ-ның нәтижесі оң болған жағдайда 15-19 жастағы жастардың көпшілігі медициналық мекемелерге: мемлекеттік клиникаға (45,2%), жеке дәрігерге (23,8%) немесе жастар денсаулық орталығына (13%) жүгінеді. Жалпы, респонденттердің 18,1%-ы «ешқайда» жүгінбейтінін атап өтті.

ДЕНСАУЛЫҚ ЖАЙ-КҮЙІНІҢ ИНДИКАТОРЛАРЫ

ЖЖБИ симптомдарының болуы

Бұл индикатор жыныстық қатынасқа түскен 15-19 жастағы жастар арасында ЖЖБИ симптомдарының таралуын көрсетеді.

Индикатордың айқындамасы:

Алымы: соңғы 12 ай ішінде жыныстық қатынаста болған адамдар арасында ЖЖБИ-ның ең болмағанда бір симптомының болуын көрсеткен респонденттер саны.

Бөлімі: жыныстық қатынаста болған респонденттер саны.

23-кесте. «ЖЖБИ симптомдарының болуы» индикаторының мәні, n=1284

Индикатордың мәні	14,8%
Соңғы 12 ай ішінде ЖЖБИ симптомдарының кем дегенде біреуінің көрінісі	
Иә	190 (14,8%)
Жоқ	1094 (85,2%)

Әлеуметтік-демографиялық белгілер бөлінісіндегі индикатордың мәні 24-ші кестеде көрсетілген, статистикалық маңызды айырмашылықтар гендер мен жас бөлінісінде байқалады. Бұл ЖЖБИ симптомдары қыздарда, сондай-ақ 19 жастағы жастарда жиі байқалатынын көрсетеді.

24-кесте. Гендер, қоныс түрі және жас бөлінісіндегі «ЖЖБИ симптомдарының болуы» индикаторының мәні, n=1284

		ЖЖБИ симптомдарының кем дегенде біреуінің көрінісі	
		Иә	Жоқ
		190 (14,8%)	1094 (85,2%)
Гендер (p<0,05)	Бойжеткен	90 (30,6%)	204 (69,4%)
	Бозбала	100 (10,1%)	890 (89,9%)
Қоныс түрі (p>0,05)	Қала	160 (15,2%)	891 (84,8%)
	Ауыл	30 (12,9%)	203 (87,1%)
Жасы (p<0,05)	15 жас	5 (13,9%)	31 (86,1%)
	16 жас	7 (9,9%)	64 (90,1%)
	17 жас	14 (11,9%)	104 (88,1%)
	18 жас	42 (11,3%)	330 (88,7%)
	19 жас	122 (17,8%)	565 (82,2%)

«Соңғы 12 ай ішінде сізде мынадай симптомдар болды ма?» деген сұраққа зерттеу қатысушыларының толық жауаптарының бөлінісі 25-ші кестеде берілген. Сауалнаманың нәтижелері соңғы 12 айда 15-19 жас аралығындағы жастарда болған ЖЖБИ-дың қандай да бір кең тараған симптомдарын көрсетпейді, әр симптом орта есеппен жастардың 5%-да кездескен.

25-кесте. ЖЖБИ симптомдарының болуы туралы сұраққа респонденттер жауаптарының бөлінісі, n=1284

	Иә	Жоқ	Білмеймін
Жыныс мүшелердегі жаралар	58 (4,5%)	1188 (92,5%)	38 (3%)
ТЕК БОЗБАЛАЛАР ҮШІН: Зәр шығару кезінде күйдіру және ауырсыну, зәр шығару каналынан сұйық зат бөлінуі	59 (4,6%)	890 (69,3%)	46 (3,6%)
ТЕК БОЗБАЛАЛАР ҮШІН: Ұманың ауыруы және ісінуі	57 (4,4%)	896 (69,8%)	39 (3%)
ТЕК БОЙЖЕТКЕНДЕР ҮШІН: Қынаптан ерекше бөлінулердің болуы	57 (4,4%)	233 (18,1%)	8 (0,6%)
ТЕК БОЙЖЕТКЕНДЕР ҮШІН: Етеккірмен байланысты болмайтын іштің төменгі бөлігінің ауырсынуы	68 (5,3%)	217 (16,9%)	13 (1%)

ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС ИНДИКАТОРЛАРЫ

АИТВ-ны жұқтырған адамдарға қатысты стигманың болмауы

Бұл көрсеткіш 15-19 жастағы жастар арасында АИТВ-мен өмір сүретін адамдарға қатысты стигманың таралуын көрсетеді.

Индикатордың айқындамасы:

Алымы: «АИТВ инфекциясын жұқтырғандар – барлығы сияқты қарапайым адамдар және олар адамдар арасында толыққанды өмір сүруге тиіс, олармен байланыста болуға және достасуға болады» деп көрсеткен респонденттер саны.

Бөлімі: респонденттердің жалпы саны.

26-кесте. Индикатордың мәні және оны есептеу үшін пайдаланылған сұраққа жауаптардың бөлінісі, n=4360

Индикатордың мәні	42,2%
АИТВ-ны жұқтырғандар – барлығы сияқты қарапайым адамдар және олар адамдар арасында толыққанды өмір сүруі тиіс, олармен байланысуға және дос болуға болады	
Иә	1841 (42,2%)
Жоқ	973 (22,3%)
Білмеймін	1546 (35,5%)

Бастапқыда АИТВ-ны жұқтырған адамдар (ВЖА) басқа адамдар тарапынан стигманы (сөзбе-сөз «белгі», «таңба») бастан кешкен. АИТВ-мен өмір сүретін адамдарға қатысты стигманы төмендету бойынша күш халықаралық деңгейде басым деп жарияланды, өйткені стигматизациялайтын қатынас ВЖА өмір сүру сапасын күрт нашарлатады, олардың айналасында жағымсыз эмоциялық орта қалыптастырады және кемсітушілікке негіз жасайды. Бұдан басқа, стигма қорқыныштармен байланысты және ВЖА арасында да, жалпы халықтың арасында да АИТВ мен ЖИТС-ке қарсы іс-қимылдар бойынша тиімді және ұтымды іс-шаралар жолында кедергі болып табылады. 15-19 жас аралығындағы жастар арасындағы сауалнама осы көрсеткіш бойынша келесі айырмашылықтарды көрсетеді: АИТВ-мен өмір сүретін адамдарға қатысты стигманың болмауы қала жастары арасында, 18-19 жас аралығындағы жастар арасында кең таралған. Гендерлік бөліністе айырмашылық байқалмайды (27-кесте). Алайда, жасөспірімдердің едәуір бөлігі (28,6%-дан 41,8%-ға дейін олардың жынысы, жасы және тұрғылықты жер белгілері бойынша бөлінуіне сәйкес) осы сұрақтың дұрыс жауабын білмейді, бұл олардың осы мәселеде хабардар еместігін сипаттайды.

Сондай-ақ айырмашылықтар мектептің негізгі оқу тілі бойынша байқалады: АИТВ-мен өмір сүретін адамдарға қатысты стигманың болмауы мектепте орыс тілінде оқыған немесе білім алған жастар арасында кең таралған.

27-кесте. Гендер, қоныстану түрі, жасы мен мектепте оқыту тілі бөлінісіндегі индикатордың мәні, n=4360

		АИТВ-ны жұқтырғандар – барлығы сияқты қарапайым адамдар және олар адамдар арасында толыққанды өмір сүруі тиіс, олармен байланысуға және дос болуға болады		
		Иә	Жоқ	Білмеймін
Барлық іріктеу бойынша жауаптардың бөлінісі		1841 (42,2%)	973 (22,3%)	1546 (35,5%)
Гендер (p>0,05)	Бойжеткен	866 (41,6%)	456 (21,9%)	762 (36,6%)
	Бозбала	975 (42,8%)	517 (22,7%)	784 (34,4%)
Қоныстану түрі (p<0,05)	Қала	1537 (44,2%)	734 (21,1%)	1206 (34,7%)
	Ауыл	304 (34,4%)	239 (27,1%)	340 (38,5%)
Жасы (p<0,05)	15 жас	224 (31,3%)	192 (26,9%)	299 (41,8%)
	16 жас	285 (38,7%)	164 (22,3%)	287 (39,0%)
	17 жас	298 (41,7%)	163 (22,8%)	254 (35,5%)
	18 жас	451 (45,5%)	213 (21,5%)	328 (33,1%)
	19 жас	583 (48,5%)	241 (20,0%)	378 (31,4%)
Мектептегі негізгі оқу тілі (p<0,05)	Қазақ	951 (35,5%)	633 (23,6%)	1097 (40,9%)
	Орыс	879 (53%)	336 (20,3%)	443 (26,7%)
	Басқа тіл	11 (52,4%)	4 (19%)	6 (28,6%)

БІЛІМ ИНДИКАТОРЛАРЫ

АИТВ/ЖИТС туралы дұрыс жан-жақты білімнің болуы

Бұл көрсеткіш жастар арасында АИТВ / ЖИТС туралы білім деңгейін айқындауға мүмкіндік береді.

Дені сау адамның түріне қарап, ол АИТВ-ны жұқтырғаны мүмкін емес деген пікір кең таралған адасу болып табылады, бұл инфекция жұқтырған серіктестермен қорғалмаған жыныстық қатынасқа әкелуі мүмкін.

АИТВ-ның шынайы берілу жолдарын білу, сондай-ақ АИТВ инфекциясының таралу жолдар түсінігінің қайсысы дұрыс емес екенін түсіну де тең дәрежеде маңызды. Мысалы, АИТВ масаның шағуы арқылы берілуі мүмкін деген ұғым қауіпсіз жыныстық мінез-құлықты қабылдау үшін уәждемені төмендетуі мүмкін, және керісінше АИТВ-мен ауыратынның тамағын татып көрсе, АИТВ-ны жұқтырып алуға болады деген ұғым ЖИТС-пен өмір сүретін адамдардың стигматизациясын күшейтеді.

Индикатордың айқындамасы:

Алымы: АИТВ/ ЖИТС туралы 5 сұраққа дұрыс жауап берген респонденттер саны:

- Егер жыныстық қатынас инфекция жұқтырмаған тек бір сенімді серіктеспен ғана болса, АИТВ инфекциясының және жыныстық жолмен берілетін инфекциялардың (ЖЖБИ) берілу қаупін төмендетуге болады ма?
- Егер мүшеқапты (презервативті) тұрақты түрде пайдаланса, АИТВ инфекциясының және басқа ЖЖБИ берілу қаупін төмендетуге болады ма? (дұрыс жауабы – «иә»)
- Түрі дені сау адамда АИТВ болуы мүмкін бе? (дұрыс жауап – «иә»)
- АИТВ-ны масаның шағуы арқылы жұқтыруға болады ма? (дұрыс жауабы – «жоқ»)
- АИТВ-ны жұқтырған адамның ұсынған тағамын жеу арқылы АИТВ-ны жұқтырып алу мүмкін бе? (дұрыс жауабы – «жоқ»)

Бөлімі: респонденттердің жалпы саны.

28-кесте. Индикатордың мәні және оны есептеу үшін пайдаланылған сұраққа жауаптардың бөлінісі, n=4360

Индикатордың мәні	9,1%
Егер жыныстық қатынас инфекция жұқтырмаған тек бір сенімді серіктеспен ғана болса, АИТВ инфекциясының және жыныстық жолмен берілетін инфекциялардың (ЖЖБИ) берілу қаупін төмендетуге болады ма?	
Иә	1807 (41,4%)
Жоқ	509 (11,7%)
Білмеймін	2044 (46,9%)
Егер мүшеқапты тұрақты түрде пайдаланса, АИТВ инфекциясының және басқа ЖЖБИ берілу қаупін төмендетуге болады ма?	
Иә	1978 (45,4%)
Жоқ	417 (9,6%)
Білмеймін	1965 (45,1%)
Түрі дені сау адамда АИТВ болуы мүмкін бе?	
Иә	2142 (49,1%)
Жоқ	380 (8,7%)
Білмеймін	1838 (42,2%)
АИТВ-ны масаның шағуы арқылы жұқтыруға болады ма?	
Иә	565 (13,0%)
Жоқ	1417 (32,5%)
Білмеймін	2378 (54,5%)
АИТВ-ны жұқтырған адамның ұсынған тағамын жеу арқылы АИТВ-ны жұқтырып алу мүмкін бе?	
Иә	714 (16,4%)
Жоқ	1525 (35,0%)
Білмеймін	2121 (48,6%)

15-19 жас аралығындағы жастардың 9,1%-ы АИТВ/ЖИТС туралы барлық бес сұраққа дұрыс жауап берді. Бірнеше сұрақтар пайдаланылатын индикаторларды талдау кезіндегі өлшем үшін оларды есептеу әдістемесін әрдайым ескеру қажет. Индикатордың мәнін табу үшін оған кірген барлық сұрақтарға дұрыс жауап берген респонденттердің үлесі анықталады. Мысалы, бес сұрақтың ішінен төртеуіне дұрыс жауап берген респондент дұрыс жауап беруші ретінде ескерілмейді. Сондықтан да индикатордың мәні әрбір сұраққа дұрыс жауаптардың орташа үлесінен төмен.

Гендер, қоныстану түрі, мектепте оқыту тілі мен жасы бөлінісіндегі индикатор бөлінісі 29-шы кестеде көрсетілген. Маңызды айырмашылықтар қоныстың түрі мен жасы бөлінісінде байқалады: АИТВ/ЖИТС туралы дұрыс жан-жақты білім қала жастары арасында, 18-19 жас аралығындағы жастар арасында кең таралған. Сондай-ақ, АИТВ/ЖИТС туралы дұрыс жан-жақты білімдегі елеулі айырмашылықтар мектепте оқыту тілі бойынша байқалады: мектепте негізгі оқу тілі орыс тілі болған жастар АИТВ/ЖИТС туралы сұрақтарға дұрыс жауаптарды жиі атап өтті.

29-кесте. Гендер, қоныс түрі, жасы және оқыту тілі бөлінісіндегі индикатордың мәні, $n=4360$

АИТВ/ЖИТС туралы дұрыс жан-жақты білім			
		Барлық 5 сұраққа дұрыс жауап бергендер	Дұрыс емес жауап бергендер
Барлық іріктеу бойынша жауаптардың бөлінісі		395 (9,1%)	3965 (90,9%)
Гендер ($p>0,05$)	Бойжеткен	174 (8,3%)	1910 (91,7%)
	Бозбала	221 (9,7%)	2055 (90,3%)
Қоныстану түрі ($p<0,05$)	Қала	333 (9,6%)	3144 (90,4%)
	Ауыл	62 (7,0%)	821 (93,0%)
Жасы ($p<0,05$)	15 жас	34 (4,8%)	681 (95,2%)
	16 жас	49 (6,7%)	687 (93,3%)
	17 жас	52 (7,3%)	663 (92,7%)
	18 жас	91 (9,2%)	901 (90,8%)
	19 жас	169 (14,1%)	1033 (85,9%)
Мектептегі негізгі оқу тілі ($p<0,05$)	Қазақша	142 (5,3%)	2539 (94,7%)
	Орысша	252 (15,2%)	1406 (84,8%)
	Басқа тіл	1 (4,8%)	20 (95,2%)

Мүшеқапты пайдалану туралы ақпаратының болуы

Бұл индикатор 15-19 жас аралығындағы жастардың мүшеқапты пайдалану туралы хабардар болу деңгейін көрсетеді.

Индикатордың айқындамасы:

Алымы: мүшеқаптар туралы 2 сұраққа дұрыс жауап берген респонденттер саны:

- Егер мүшеқаптарды тұрақты түрде пайдаланса, АИТВ инфекциясының және басқа ЖЖБИ-дың берілу қаупін төмендетуге болады ма? (дұрыс жауабы – «иә»)
- Мүшеқапты үнемі қолданса, жүктіліктің алдын алуға болады ма? (дұрыс жауабы – «иә»)

Бөлімі: респонденттердің жалпы саны.

30-кесте. Индикатордың мәні және оны есептеу үшін пайдаланылған сұраққа жауаптардың бөлінісі, n=4360

Индикатордың мәні	34,4%
Егер мүшеқаптарды тұрақты түрде пайдаланса, АИТВ инфекциясының және басқа ЖЖБИ берілу қаупін төмендетуге болады ма?	
Иә	1978 (45,4%)
Жоқ	417 (9,6%)
Білмеймін	1965 (45,1%)
Мүшеқаптарды үнемі қолданса, жүктіліктің алдын алуға болады ма?	
Иә	2018 (46,3%)
Жоқ	523 (12,0%)
Білмеймін	1819 (41,7%)

Мүшеқаптарды пайдалану туралы дұрыс білім мүшеқаптардың мақсаты туралы екі сұрақ арқылы өлшенді (қалаусыз жүктіліктің алдын алу және ЖЖБИ тәуекелін азайту). 15-19 жас аралығындағы жастарға сауалнама жүргізу кезінде дұрыс білімді респонденттердің 34,4%-ы ғана көрсетті.

Гендер, қоныс түрі, мектепте оқыту тілі мен жасы бөлінісіндегі индикатордың мәні 31-ші кестеде көрсетілген. Барлық айырмашылықтардың статистикалық маңыздылығы бар: мүшеқаптарды пайдалану туралы хабардарлық жасөспірімдер арасында, қала жастары арасында, 19 жастағы жастар арасында және мектепте орыс тілінде оқыған немесе оқитын жастар арасында кең таралған.

31-кесте. Гендер, қоныс түрі, жасы және оқыту тілі бөлінісіндегі индикатордың мәні, n=4360

Мүшеқаптарды пайдалану туралы хабардарлық			
		2 сұраққа дұрыс жауап бергендер	Дұрыс емес жауап бергендер
Барлық іріктеу бойынша жауаптардың бөлінісі		1499 (34,4%)	2861 (65,6%)
Гендер (p<0,05)	Бойжеткен	547 (26,2%)	1537 (73,8%)
	Бозбала	952 (41,8%)	1324 (58,2%)
Қоныстану түрі (p<0,05)	Қала	1225 (35,2%)	2252 (64,8%)
	Ауыл	274 (31,0%)	609 (69,0%)
Жасы (p<0,05)	15 жас	170 (23,8%)	545 (76,2%)
	16 жас	201 (27,3%)	535 (72,7%)
	17 жас	250 (35,0%)	465 (65,0%)
	18 жас	358 (36,1%)	634 (63,9%)
	19 жас	520 (43,3%)	682 (56,7%)
Мектептегі негізгі оқу тілі (p<0,05)	Қазақша	667 (24,9%)	2014 (75,1%)
	Орысша	827 (49,9%)	831 (50,1%)
	Басқа тіл	5 (23,8%)	16 (76,2%)

ЖЖБИ-ды емдеу туралы хабардарлық

Бұл көрсеткіш 15-19 жастағы жастардың жыныстық жолмен берілетін инфекцияларды емдеу туралы хабардарлық деңгейін көрсетеді.

Индикатордың айқындамасы:

Алымы: ЖЖБИ туралы екі сұраққа дұрыс жауап берген респонденттер саны:

- Егер жыныстық жолмен берілетін инфекциялар симптомдары емделусіз өтсе, бұл сіздің емделгеніңізді білдіреді деген пікірмен келісесіз бе? (дұрыс жауабы – «жоқ»)
- Сіз жыныстық жолмен берілетін инфекциялардан тек бір серіктестің емделуі жеткілікті деген пікірмен келісесіз бе? (дұрыс жауабы – «жоқ»)

Бөлімі: респонденттердің жалпы саны.

32-кесте. Индикатордың мәні және оны есептеу үшін пайдаланылған сұрақ жауаптарының бөлінісі, n=4360

Индикатордың мәні		35,3%
Егер жыныстық жолмен берілетін инфекциялар симптомдары емделусіз өтсе, бұл сіздің емделгеніңізді білдіреді деген пікірмен келісесіз бе?		
Иә		345 (7,9%)
Жоқ		1843 (42,3%)
Білмеймін		2172 (49,8%)
Сіз жыныстық жолмен берілетін инфекциялардан тек бір серіктестің емделуі жеткілікті деген пікірмен келісесіз бе?		
Иә		214 (4,9%)
Жоқ		2176 (49,9%)
Білмеймін		1970 (45,2%)

ЖЖБИ-ды емдеу туралы хабардарлық емдеу жолдарын іздеумен байланысты мінез-құлықта өте үлкен рөл атқарады. 15-19 жас аралығындағы жастарға жүргізілген сауалнама барысында ЖЖБИ симптомдарының жоғалуы – науқастың емделгенін және серіктесті емдеу қажеттілігі туралы сұрақтар қойылды. Нәтижелер осы екі сұрақ бойынша хабардарлықтың деңгейі жеткіліксіз екендігін көрсетеді – жастардың жартысына жуығы «білмеймін» деп жауап берді, яғни олар бұл мәселелер бойынша хабардар емес. Жалпы алғанда, респонденттердің 35,3%-ы егер ЖЖБИ симптомдары емделусіз өтсе, бұл емделгеніңізді білдірмейді және екі серіктестің де емделуі қажеттігін білдіреді деп атап өтті.

Әлеуметтік-демографиялық белгілер бойынша талдау ЖЖБИ-ды емдеу туралы хабардар болу қала жастары арасында, 18-19 жастағы жастар арасында және мектепте орыс тілінде оқыған немесе оқитын жастар арасында кең таралғанын көрсетті (33-ші кесте).

33-кесте. Гендер, қоныс түрі, жасы және оқыту тілі бөлінісіндегі индикатордың мәні, n=4360

ЖЖБИ-ды емдеу туралы хабардарлық			
		2 сұраққа дұрыс жауап бергендер	Дұрыс емес жауап бергендер
Барлық іріктеу бойынша жауаптардың бөлінісі		1538 (35,3%)	2822 (64,7%)
Гендер (p>0,05)	Бойжеткен	748 (35,9%)	1336 (64,1%)
	Бозбала	790 (34,7%)	1486 (65,3%)
Қоныс түрі (p<0,05)	Қала	1282 (36,9%)	2195 (63,1%)
	Ауыл	256 (29,0%)	627 (71,0%)
Жасы (p<0,05)	15 жас	186 (26,0%)	529 (74,0%)
	16 жас	216 (29,3%)	520 (70,7%)
	17 жас	262 (36,6%)	453 (63,4%)
	18 жас	385 (38,8%)	607 (61,2%)
	19 жас	489 (40,7%)	713 (59,3%)
Мектептегі негізгі оқу тілі (p<0,05)	Қазақша	764 (28,5%)	1917 (71,5%)
	Орысша	766 (46,2%)	892 (53,8%)
	Басқа тіл	8 (38,1%)	13 (61,9%)

АҚПАРАТҚА ҚОЛЖЕТІМДІЛІК ИНДИКАТОРЛАРЫ

Жасөспірімдерге арналған АИТВ инфекциясы мен ЖЖБИ-ды қоса алғанда, жыныстық және ұрпақты болу (репродуктивтік) денсаулық туралы ақпараттың қолжетімділігі

Көрсеткіш жасөспірімдердің жыныстық және ұрпақты болу денсаулығы туралы қандай ақпарат көздерінің талап етілетінін анықтауға мүмкіндік береді.

Индикатордың айқындамасы:

Алымы: кез келген төменде аталған көздерден ұрпақты болу денсаулық мәселелері бойынша ақпарат алатындығын хабарлаған жастар саны:

- бұқаралық ақпарат құралдары;
- интернет;
- медицина қызметкерлері;
- достар;
- мектеп/оқу орындары.

Бөлімі: респонденттердің жалпы саны.

34-кесте. Индикатордың мәні және оны есептеу үшін пайдаланылған сұраққа жауаптардың бөлінісі, n=4360

	Индикатордың мәні		85%
	Иә	Жоқ	Білмеймін
Бұқаралық ақпарат құралдары	2189 (50,2%)	1521 (34,9%)	650 (14,9%)
Медицина қызметкерлері	1888 (43,3%)	1891 (43,4%)	581 (13,3%)
Достар	1778 (40,8%)	1945 (44,6%)	637 (14,6%)
Интернет	2378 (54,5%)	1443 (33,1%)	539 (12,4%)
Мектеп/оқу орындары	1805 (41,4%)	1952 (44,8%)	603 (13,8%)
Оқытушылар	1131 (25,9%)	2517 (57,7%)	712 (16,3%)
Ата-аналар (отбасы)	1337 (30,7%)	2387 (54,7%)	636 (14,6%)
Әлеуметтік желілер	1777 (40,8%)	1932 (44,3%)	651 (14,9%)

Көрсеткіш жасөспірімдердің қандай ақпарат көздерін неғұрлым талап ететінін анықтауға мүмкіндік береді. Сауалнама жастар арасында ең сұранысқа ие ақпарат көздері интернет және бұқаралық ақпарат құралдары болып табылатынын көрсетті.

Жалпы алғанда, 15-19 жастағы жастардың 85%-ы жыныстық және ұрпақты болу денсаулығы туралы ақпаратты, соның ішінде АИТВ инфекциясы мен ЖЖБИ туралы ақпаратты, қандай да бір ақпарат көзінен алатындығын атап өтті.

Әлеуметтік-демографиялық белгілер бөлінісінде осы индикаторды талдау респонденттердің жауаптарындағы айырмашылықтардың маңызды екендігін көрсетті, яғни жыныстық және ұрпақты болу денсаулығы туралы ақпарат алу қыздар арасында, қала тұрғындары арасында, 17-19 жастағы жастар арасында және орыс тілінде оқыған немесе оқитын жастар арасында кең таралған (35-ші кесте).

35-кесте. Гендер, қоныс түрі, жасы және оқыту тілі бөлінісіндегі индикатордың мәні, n=4360

Жасөспірімдерге арналған АИТВ инфекциясы мен ЖЖБИ-ды қоса алғанда, жыныстық және репродуктивті денсаулық туралы ақпараттың қолжетімділігі		<i>Ақпаратты алды</i>	<i>Ақпаратты алмаған</i>
Барлық іріктеу бойынша жауаптардың бөлінісі		3704 (85,0%)	656 (15,0%)
Гендер (p<0,05)	Бойжеткен	1806 (86,7%)	278 (13,3%)
	Бозбала	1898 (83,4%)	378 (16,6%)
Қоныстану түрі (p<0,05)	Қала	2978 (85,6%)	499 (14,4%)
	Ауыл	726 (82,2%)	157 (17,8%)
Жасы (p<0,05)	15 жас	582 (81,4%)	133 (18,6%)
	16 жас	596 (81,0%)	140 (19,0%)
	17 жас	607 (84,9%)	108 (15,1%)
	18 жас	877 (88,4%)	115 (11,6%)
	19 жас	1042 (86,7%)	160 (13,3%)
Мектептегі негізгі оқу тілі (p<0,05)	Қазақша	2124 (79,2%)	557 (20,8%)
	Орысша	1560 (94,1%)	98 (5,9%)
	Басқа тіл	20 (95,2%)	1 (4,8%)

МЕДИЦИНАЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕРГЕ ҚОЛЖЕТІМДІЛІК ИНДИКАТОРЛАРЫ

Контрацепцияның қазіргі заманғы әдістерінің көмегімен жүктілікті болдырмауда қанағаттанбаған қажеттіліктер

Бұл көрсеткіш жас әйелдердің контрацепцияның қазіргі заманғы әдістеріне қолжетімділігін және жүктілікті жоспарлайтынын сипаттайды.

Индикатордың айқындамасы:

Алымы: келесілерге ие респонденттер саны:

- а) тұрақты жыныстық серіктестің болуы және сонымен бір мезгілде
- б) алдағы 2 жылда балалы болуды жоспарламаған
- в) ұрықты
- г) контрацептивтерді (мүшеқапты, гормонды дәрі-дәрмектерді, гормонды инъекцияны, жатыршілік шиыршықты) пайдаланбайды

Бөлімі: тұрақты жыныстық серіктесі бар сұралған қыздардың жалпы саны.

36-кесте. Индикатордың мәні және оны есептеу үшін пайдаланылған сұрақтарға жауаптардың бөлінісі, n=287

Индикатордың мәні	14,6%
Сізде тұрақты жыныстық серіктес бар ма?	
Иә	226 (78,7%)
Жоқ	61 (21,3%)
Алдағы екі жылда баланың болуын жоспарлап отырсыз ба?	
Иә	73 (25,5%)
Жоқ	213 (74,5%)
Сізде баланың болуына мүмкіндік бермейтін аурулар бар ма?	
Иә	2 (0,7%)
Жоқ	285 (99,3%)
Сіз немесе сіздің серіктесіңіз қалаусыз жүктіліктен сақталудың қандай әдістерін пайдаланасыз?	
Мүшеқаптарды пайдалану	193 (68,7%)
Гормонды дәрі-дәрмектерді қабылдау	65 (23,1%)
Гормонды жабыстырғыштарды пайдалану	3 (1,1%)
Гормонды инъекциялар	6 (2,1%)
Жатыршілік шиыршық	16 (5,7%)
Үзілген жыныстық қатынас	62 (22,1%)
Күңгізбелік әдіс	54 (19,2%)
Жыныстық қатынастан кейінгі бүркіп жуу	13 (4,6%)
Контрацепцияның ешқандай шараларын пайдаланбаймыз	38 (13,5%)

Талдау әлеуметтік-демографиялық белгілер бөлінісінде қоныстың түрі, жасы және мектепте оқыту тілі бөлінісінде статистикалық маңызды айырмашылықтарды айқындамады (37-ші кесте). Яғни белгілі бір әлеуметтік топтардың арасында қазіргі заманғы контрацепция әдістерін қолдану аз таралғандығы туралы растама жоқ.

37-кесте. Гендер, қоныс түрі, жасы және оқыту тілі бөлінісіндегі индикатордың мәні, n=158

		Контрацепцияның қазіргі заманғы әдістерінің көмегімен жүктіліктің алдын алуда қанағаттанбаған мұқтаждықтар	
		Контрацепцияның заманауи әдістерін қолданады	Контрацепцияның қазіргі заманғы әдістерін пайдаланбайды
		135 (85,4%)	23 (14,6%)
Қоныстану түрі (p>0,05)	Қала	122 (84,7%)	22 (15,3%)
	Ауыл	13 (92,9%)	1 (7,1%)
Жасы (p>0,05)	15 жас	2 (100%)	-
	16 жас	4 (100%)	-
	17 жас	21 (80,8%)	5 (19,2%)
	18 жас	53 (85,5%)	9 (14,5%)
	19 жас	55 (85,9%)	9 (14,1%)
Мектептегі негізгі оқу тілі (p>0,05)	Қазақша	30 (78,9%)	8 (21,1%)
	Орысша	104 (87,4%)	15 (12,6%)
	Басқа тіл	1 (100%)	-

Мүшеқаптар қолжетімсіз деп мәлімдегендердің ішіндегі 15-19 жастағы жастардың үлесі

Бұл көрсеткіш мүшеқаптың жасөспірімдер үшін қолжетімді екенін көрсетеді.

Индикатордың айқындамасы:

Алымы: жастар арасында соңғы жыныстық қатынас кезінде мүшеқап қолданбағандар саны және оның себептері:

1. Сатып алуға ақшасы жоқ
2. Алатын жер болмады

Бөлімі: соңғы жыныстық қатынас кезінде мүшеқап қолданбаған респонденттердің жалпы саны.

38-ші кесте. Индикатордың мәні және оны есептеу үшін қойылған сұрақтарға жауаптардың бөлінісі, n=1284

Индикатордың мәні	15%
Сіз немесе сіздің серіктесіңіз соңғы жыныстық қатынас кезінде мүшеқап қолдандыңыздар ма?	
Иә	944 (73,5%)
Жоқ	271 (21,1%)
Білмеймін/есімде жоқ	69 (5,4%)
Жоқ болса, не себептен?	
Сатып алуға ақша жоқ	10 (3,7%)
Алатын жер болмады	30 (11,1%)
Пайдаланғым келмеді	161 (59,4%)
Білмеймін	45 (16,6%)
Туғым келеді/жүкті болудың амалы	8 (3%)
Бітіп қалды	1 (0,4%)
Жүкті болдым	1 (0,4%)
Қыз сақтанады	1 (0,4%)
Тұрмыстамын/үйленгенмін	7 (2,6%)
Серіктесіме сенімді болдым/ серіктесіме сенемін	3 (1,1%)
Мүшеқаппен сезім басқаша болады, онсыз жақсылау	3 (1,1%)
Бәрі аяқ-асты болды	1 (0,4%)

Көрсеткіш жасөспірімдер үшін мүшеқаптың қолжетімділігін сипаттайды, осы көрсеткіштерді әлеуметтік-демографиялық белгілер арқылы саралау мүшеқаптың 16 жастағы жастар мен бозбалалар үшін аса қолжетімді емес екенін көрсетті (39-шы кесте).

39-кесте. Гендер, қоныс түрі, жасы және оқыту тілі бөлінісіндегі индикатордың мәні, n=271

		Мүшеқаптардың қолжетімсіздігі	
		Мүшеқаптар қолжетімсіз	Басқа себептер
		40 (14,8%)	231 (85,2%)
Гендер (p<0,05)	Бойжеткен	4 (4,3%)	89 (95,7%)
	Бозбала	36 (20,2%)	142 (79,8%)
Қоныс түрі (p>0,05)	Қала	31 (13,7%)	195 (86,3%)
	Ауыл	9 (20,0%)	36 (80%)
Жасы (p<0,05)	15 жас	-	3 (100%)
	16 жас	5 (55,6%)	4 (44,4%)
	17 жас	3 (15%)	17 (85%)
	18 жас	11 (13,6%)	70 (86,4%)
	19 жас	21 (13,3%)	137 (86,7%)
Мектептегі негізгі оқу тілі (p>0,05)	Қазақ	17 (14,2%)	103 (85,8%)
	Орыс	23 (15,2%)	128 (84,8%)
	Басқа тіл	-	-

ЖЖБИ симптомдары бар, Емдеу-профилактикалық ұйымдарда (ЕПҰ) оларды диагностикалау, емдеу және кеңес алу бойынша тиісті қызметтер алғандардың ішіндегі 15-19 жастағы жастардың үлесі

Көрсеткіш жасөспірімдер үшін медициналық қызмет көрсетудің қолжетімділігін, ЕПҰ-ға жүгінуін және қызметтердің толық ауқымын алуын сипаттайды.

Индикатордың айқындамасы:

Алымы: емдеу-профилактикалық ұйымдарына (дерматовенерологиялық диспансер, әйелдер консультациясы, жеке клиникалар) және ЖЖБИ-ға диагностика жасау мен емдеу үшін достық пейілді кабинеттерге жүгінген және толық көлемде келесі медициналық қызметтерді алған ЖЖБИ симптомдары бар жастардың саны:

- Медициналық картаны жүргізу;
- Медициналық тексеру;
- Емделу;
- Кеңес алу (серіктесті хабардар етуді, мүшеқапты пайдалануды және АИТВ-ға және ЖЖБИ-ға тексеруді қоса алғанда).

Бөлімі: ЖЖБИ белгілері бар респонденттердің жалпы саны.

40-кесте. Индикатордың мәні және оны есептеу үшін пайдаланылған сұрақтарға жауаптардың бөлінісі, n=190

Индикатордың мәні	37,4%
Сіз ЖЖБИ емдеу үшін медициналық мекемелерге медициналық көмекке жүгіндіңіз бе?	
Иә	71 (37,4%)
Жоқ	100 (52,6%)
Білмеймін/есімде жоқ/жауап жоқ	19 (10%)
Сіз қандай қызметтер алдыңыз? n=71	
Медициналық картаны жүргізу	57 (80,3%)
Медициналық тексерілу	59 (83,1%)
Емделу	51 (71,8%)
Кеңес алу (серіктесті хабардар етуді, мүшеқапты пайдалануды және АИТВ-ға және ЖЖБИ-ға тексеруді қоса алғанда)	33 (46,5%)

Зерттеу 15-19 жастағы ЖЖБИ симптомдары бар жастардың көпшілігі (62,6%) емдеу мекемелерінде ЖЖБИ-ды емдеу үшін медициналық көмекке жүгінбегенін көрсетті.

Әлеуметтік-демографиялық белгілері бойынша талдау (41-ші кесте) гендер, қоныстану түрі және жасына байланысты айырмашылықтарды көрсетпеді, статистикалық жағынан алғанда айырмашылықтар елеулі емес. Яғни, жастардың көпшілігі гендерге, жасына немесе қоныс түріне қарамастан, ЖЖБИ емдеу үшін емдеу мекемелеріне медициналық көмекке жүгінбеген.

41-кесте. Гендер, қоныс түрі, жасы және оқыту тілі бөлінісіндегі индикатордың мәні, n=190


ЖЖБИ-ды емдеу үшін медициналық көмекке жүгіну			
		Жүгінгендер	Жүгінбегендер
		71 (37,4%)	119 (62,6%)
Гендер (p>0,05)	Бойжеткендер	29 (34,1%)	56 (65,9%)
	Бозбалалар	42 (46,7%)	48 (53,3%)
Қоныс түрі (p>0,05)	Қала	59 (38,6%)	94 (61,5%)
	Ауыл	12 (54,5%)	10 (45,4%)
Жасы (p>0,05)	15 жас	-	5 (100%)
	16 жас	3 (42,9%)	4 (57,1%)
	17 жас	2 (14,3%)	12 (85,7%)
	18 жас	15 (36,6%)	26 (63,4%)
	19 жас	51 (47,2%)	57 (52,8%)

Барлық респонденттерге «Сіз соңғы 12 айда жастар денсаулық орталықтарына жүгіндіңіз бе?» деген сұрақ қойылды. 15-19 жастағы жастардың басым көпшілігі (90,8%) жастар денсаулық орталықтарына жүгінбеген. Бұл мәселе жыныстық қатынасқа түскен жастар арасында ЖЖБИ симптомдарының болуы бөлігінде талданды (n=1284). Осы орталықтарға жүгінгендер арасында ЖЖБИ белгілері 26,7%-ында болды (3-сурет). ЖЖБИ симптомдары болған адамдардың арасында 23,2%-ы жастар денсаулық орталықтарына жүгінген, ЖЖБИ симптомдары барлардың көпшілігі (76,8%) бұл денсаулық орталықтарына жүгінбеген (4-сурет).

3-сурет. ЖЖБИ симптомдарының болуы – жастар денсаулық орталықтарына жүгіну бөлігінде, n=1284



4-сурет. ЖЖБИ симптомдарының болуы бөлігінде жастар денсаулық орталықтарына жүгінуі, n=1284



Ұрпақты болу денсаулығы бойынша проблемалары (соның ішінде ЖЖБИ симптомдары) бар 15-19 жастағы жастардың ЕПҰ-ға емделуге және кеңес алуға жүгінбеу себептерінің құрылымы

Көрсеткіш ұрпақты болу денсаулығында проблемалары (соның ішінде ЖЖБИ симптомдары) бар 15-19 жастағы жастардың не себептен көрсетілетін қызметтің толық ауқымын алу үшін ЕПҰ-ға жүгінбегенін көрсетеді.

Индикатордың айқындамасы:

Алымы: ЖЖБИ белгілері бар, диагностика жасау және емделу үшін достық ниетті кабинеттерге жүгінбеген жас адамдардың саны, олар келесідей себептердің бірін көрсеткен:

- Ұяламын
- Құпия ақпараттың таралуынан қауіптенемін
- Емделуге немесе тексерілуге ақы төлеуге ақша жоқ
- Медициналық манипуляциядан, процедурадан қорқамын
- Дәрі-дәрмек сатып алуға ақша жоқ
- Құпиялылық жоқ
- Медициналық қызметкерлердің кекету, мін тағуынан қорқамын
- Кезекке тұру керек, алдын ала жазылу керек
- Емдеу тым ұзақ
- Мәжбүрлеуден қорқамын
- Аурухана / клиника менің үйіме тым жақын орналасқан
- Клиниканың ыңғайсыз жұмыс кестесі
- Ұсынылған емдеудің тиімділігіне сенбеймін
- Өз диагнозымды білгім келмейді
- Аурухана / клиника менің үйден тым алыс орналасқан
- Дәрігердің біліктілігіне сенбеймін

Бөлімі: емдеу-профилактикалық мекемесіне емделуге жүгінбеген ЖЖБИ симптомдары бар респонденттердің жалпы саны.

Егер респонденттер біреуден артық себептерді көрсеткен болса, пайыздық мәндердің сомасы 100%-дан асуы мүмкін.

42-ші кесте. Индикатордың мәні және оны есептеу үшін пайдаланылған сұрақтардың жауаптары, n=119

Сіз қандай себептермен медициналық мекемелерге жүгінбедіңіз?	
Индикатордың мәні	
Құпиялылық жоқ	31 (27%)
Ұяламын	29 (26%)
Медициналық манипуляциядан, процедурадан қорқамын	28 (25%)
Құпия ақпараттың сыртқа шығып кетуінен күдіктенемін	27 (24%)
Емделу мен тексерілуге төлейтін ақша жоқ	24 (21%)
Медициналық қызметкерлердің кекетуі мен мін тағуынан қорқамын	20 (18%)
Дәрі-дәрмек алуға қаражат жеткіліксіз	19 (17%)
Ем алу өте ұзақ	13 (12%)
Кезекке тұру керек, алдын ала жазылу керек	12 (11%)
Мәжбүрлеуден күдіктенемін	12 (11%)
Аурухана/клиника менің үйіме тым жақын орналасқан	10 (9%)
Дәрігердің біліктілігіне сенбеймін	10 (9%)
Өз диагнозымды білгім келмейді	9 (8%)
Клиниканың жұмыс кестесі ыңғайсыз	8 (7%)
Ұсынылған емнің тиімділігіне сенбеймін	7 (6%)
Аурухана/клиника менің үйімнен тым алыс орналасқан	2 (2%)

Сауалнама нәтижелері ЖЖБИ симптомдары болған кезде медициналық көмекке жүгінбеудің ең көп таралған себептерін көрсетіп берді, олар:

- Ақпараттың жария болуынан қорқу (27%-ы құпиялылық жоқ деп атап өтті, 26%-ы ұялады, 24%-ы құпия ақпараттың тарап кетуінен қауіптенсе, 18%-ы медицина қызметкерлерінің мазағы мен мініне ұшыраймын деп қорқады);
- Материалдық қиындықтар (21%-да емдеу немесе тексерілу төлеміне ақшасы жоқ және 17%-да дәрі-дәрмек сатып алуға ақшасы жоқ);
- Медициналық манипуляциялар мен процедуралардан қорқу (25%).

Индикаторларды есептеу үшін пайдаланылмаған сұрақтарға талдау

Анкета 15-19 жастағы жастарға сексуалдық және ұрпақты болу денсаулығы саласындағы білімін, қарым-қатынасын және мінез-құлықтарын бағалау бойынша сауалнама жасап, индикаторларын есептеу үшін пайдаланылмаған сұрақтарды да қамтыды. Олар қосымша және нақтылаушы сипатта болды. Бұл сұрақтар да зерттеулер үшін қызықты болып табылады, өйткені зерттеу мәні туралы түсінікті байытады. Төменде осы сұрақтарға жауаптардың бөлінісі көрсетілген.

Ақпаратқа қолжетімділік

5-суретте профилактикалық бағдарламалармен қамту туралы деректер көрсетілген. Барлық респонденттерге «Соңғы 12 айда сіз ұрпақты болу денсаулықты қорғау мәселелері бойынша тренингтерге, семинарларға, пікірталастарға және басқа да іс-шараларға қатыстыңыз ба?» деген сұрақтар қойылды.

Нәтижелер АИТВ/ЖИТС-тың алдын алу бойынша баспа ақпараттық материалдарды (буклеттер, парақшалар, брошюралар) алу (47,2%) барынша кең таралғанын көрсетті.

5-сурет. Профилактикалық бағдарламалармен қамту, n=4360



Жыныстық қатынасқа түскен қыздарға «Контрацепция әдістері туралы ақпаратты кімнен аласыз?» деген сұрақ қойылды. Нәтижелер белгілі бір кең таралған ақпарат көзі жоқ екенін көрсетті, ақпарат көздерінің таралуы бойынша деректер кему тәртібі 6-суретте көрсетілген. Ақпарат барлық ықтимал көздерден келіп түседі: ол БАҚ, медицина қызметкерлері, әлеуметтік желілер мен достар. Ата-аналар мен мұғалімдер/оқытушылар сирек хабардар етеді.

6-сурет. Контрацепция әдістері туралы ақпарат көздері, n=321




Жастардың ұрпақты болу денсаулығы, ЖЖБИ және АИТВ жұқтырғандар мәселелері бойынша білімі

Сауалнама барысында зерттеу қатысушыларына қауіпсіз емес аборттардың (жасанды түсіктердің) салдары, ЖЖБИ жұқтырудың салдары, АИТВ жұқтырғандарға қатынасы тәрізді жан-жақты құлағдарлық деңгейін анықтауға бағытталған қосымша сұрақтар қойылды.

7-суретте қауіпсіз емес жасанды түсіктердің салдары туралы сұрақтың жауаптары берілген: «Қауіпсіз емес жасанды түсіктердің барлық салдарын көрсетіңіз?». Оның нәтижелері бойынша 15-19 жастағы жастардың жартысына жуығы (47%) қауіпсіз емес түсіктердің салдары туралы білмейді.

Жалпы респонденттердің басым бөлігі келесі салдарларды атап өтті: әйел бедеулігі (39%), психологиялық күйзеліс (28%), болашақта ерте босану мен түсік тастау қаупінің жоғарылауы (26%) және түсік тастаудан кейінгі қан кету сияқты асқынулар (24%).

7-сурет. 15-19 жастағы жастардың қауіпсіз түсік салдары туралы білімі, n=4360




ЖЖБИ жұқтыру салдарына қатысты білім деңгейінде де ұқсас жағдай: 46%-ы белгіленген салдарлар туралы білмейді. Басқа респонденттер әртүрлі салдарды атап өтті, олардың арасында мыналар кең тараған: АИТВ-инфекциясын жұқтырудың жоғары қаупі (31%), әйел бедеулігі (24%), еркек бедеулігі (20%), жаңа туған нәрестелердегі инфекциялар (20%) және физикалық ыңғайсыздық, ауырсыну (19%) анықталды. Деректер респонденттер жауаптарының кему тәртібімен 8-суретте көрсетілген.

8-сурет. 15-19 жастағы жастардың ЖЖБИ жұғу салдары туралы білімі, n=4360



15-19 жас аралығындағы жастардың ЖЖБИ туралы жан-жақты хабардарлық деңгейін анықтауға бағытталған тағы бір сұрақ барлық респонденттерге қойылған еді, ол үшін олар өз келісімін немесе келесі тұжырыммен келіспейтінін білдіру қажет болды: «Кейде инфекцияның өзі емес, жыныстық жолмен берілетін инфекциялардың белгілері, белгілі бір уақыттан кейін өтіп кетуі мүмкін». Респонденттердің 15,4% дұрыс жауап берді, 15-19 жас аралығындағы жастардың жартысынан астамы (52,8%) «білмеймін» деп жауап берді, деректер 9-суретте көрсетілген.

9-сурет. 15-19 жастағы жастардың ЖЖБИ жұқтырудың салдары туралы білімі, n=4360



Жастардың әлеуметтік-демографиялық белгілері бойынша білім деңгейін талдай отырып, айырмашылықтары жасына, қоныстану түрі және мектепте оқыту тілі бойынша байқалатыны анықталды: ауыл жастары арасында, қазақ тілінде оқытандар арасында, сондай-ақ 15-16 жастағы жастар арасында «білмеймін» деген жауаптар жиі таралған. Жалпы, жастар есейген сайын, ЖЖБИ мен жасанды түсіктердің салдары туралы хабардарлық деңгейі жоғарылай түседі.

15-19 жастағы жастар арасында АИТВ-мен өмір сүретін адамдарға қатысты стигманың таралуын көрсететін индикатор «АИТВ-инфекциясын жұқтырғандар – барлығы сияқты қарапайым адамдар және олар толыққанды өмір сүруге тиіс, олармен қарым-қатынас жасауға және дос болуға болады» деп көрсеткен респонденттердің үлесі 42,2% деңгейінде екенін көрсетті. Осылайша, зерттеу 15-19 жастағы жастардың (57,8%) арасында АИТВ-мен өмір сүретін адамдарға қатысты стигма таралғанын анықтады. Бұл сондай-ақ сауалнама барысында берілген қосымша сұрақтармен расталады (10-сурет):

- 15-19 жас аралығындағы жастардың тек 28,8%-ы ғана АИТВ жұқтырғандар үшін дені сау адамдармен аз байланыста болу үшін жеке оқу, жұмыс істеу жағдайларын жасау қажет дегенмен келіспейді.
- Респонденттердің тек 28,1%-ы ғана «Мен АИТВ-инфекциясын жұқтырғандардың киноға баруына, көлікте жүруіне қарсы емеспін, бірақ АИТВ-инфекциясын жұқтырған адамдармен оқып, жұмыс істегім келмейді» деген пікірді құптамайды. Осылайша, көпшіліктің (72%) не жауабы жоқ, не болмаса осы пікірмен келіседі, бұл АИТВ-мен өмір сүретін адамдарға қатысты стигманың жоғары таралғанын көрсетеді.
- 15-19 жас аралығындағы жастардың жартысынан астамы (52,1%) АИТВ жұқтырғандар әдеттегі ұжымда оқып, жұмыс істеуге лайық деген пікірді бөліседі, бірақ олармен абайлап байланыс жасау керек деген пікірде, ал едәуір бөлігі (29,7%) осыған қатысты қандай жауап беретінін білмейді.

10-сурет. 15-19 жас аралығындағы жастардың АИТВ жұқтырған адамдар туралы тұжырымдарымен келісім деңгейі, n=4360



АҚТҚ жұқтырғандарға қатысты стигманың болмауы 19 жастағы жастар арасында, қалада тұратындар арасында және мектепте орыс тілінде оқытылғандар арасында кең таралған. «Білмеймін» деген жауаптар 15-17 жас аралығындағы жастар арасында, ауыл тұрғындары арасында, мектепте қазақ тілінде білім алғандар арасында кең таралған.

ЗЕРТТЕУ НӘТИЖЕЛЕРІ БОЙЫНША ҚОРЫТЫНДЫЛАР

Сауалнамаға жауап берушілердің әлеуметтік-демографиялық белгілері зерттеуге әртүрлі әлеуметтік топтардан 15-19 жастағы жастар қатысқанын көрсетеді. Іріктеу осы жас тобындағы жастарды гендер, жас шамасы, этникалық белгісі, мектепте оқыту тілі және қоныс түрлері бойынша анықтады. Осылайша, осы есепте ұсынылған деректер 15-19 жастағы қазақстандық жастардың түрлі әлеуметтік топтарының жағдайы мен пікірлерін көрсетеді. Зерттелетін индикаторлар әлеуметтік-демографиялық белгілер тұрғысынан талданды, статистикалық маңызды айырмашылықтар осы есепте сипатталған. Есепте тек $p < 0,05$ мәнділік деңгейіндегі, яғни, бас жиынтықтағы айырмашылықтардың ықтималдығы 95%-ды құрайтын айырмашылықтар ғана сипатталған.

Ұсынылған деректер 15-19 жастағы жастардың үштен бір бөлігіне жуығының жыныстық қатынаста тәжірибесі бар екенін анық көрсетеді, ал оның басым бөлігі қауіпті жыныстық іс-әрекетке барады. Сонымен қатар, 15-19 жас аралығындағы жастар арасында жыныстық және ұрпақты болу денсаулығы мәселелері бойынша білім деңгейінің төмендігі анық байқалады. Зерттеу жасөспірімдердің ұрпақты болу денсаулығын қорғау қызметтеріне қолжетімділігінің шектеулі екенін, ал ЖЖБИ белгілері болған кезде медициналық көмекке жүгінбездің ең көп таралған себептері өзі туралы құпия ақпараттың таралып кетуінен қорқу екенін айқын көрсетті.

Осыған байланысты, бұл зерттеудің нәтижелеріне тиісті түрде ден қою қажет екені анық, тиісінше, жасөспірімдердің ұрпақты болуға бағытталған денсаулығы тұрғысынан алғанда, олардың жағдайын қамтамасыз ету үшін мыналарды белгілеу қажет:

- Мектептерде жасөспірімдер үшін адами-жыныстық білім беруді енгізу арқылы адамгершілік тұрғысынан дұрыс әрі түсінікті ақпаратты ұсыну;
- Ұрпақты болу (репродуктивті) денсаулықты сақтау бойынша сапалы қызметтерге қолжетімділікті қамтамасыз ету;
- Жыныстық-белсенді жастар үшін тегін контрацептивтік құралдарға қолжетімділікті қамтамасыз ету.
- Жастарды сексуалдық және ұрпақты болу денсаулығын сақтау мәселелеріне оқытуды қамтитын ақпараттық және консультациялық сипаттағы әртүрлі іс-шараларды енгізу, қысқаша тақырыптық бейнематериалдар жасау және оларды коммуникациялық арналар мен әлеуметтік желілер арқылы тарату.



Public Opinion Research Center



Kingdom of the Netherlands